# SARYARQA

4 jeltoqsan 2020 jyl

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№45 (8209)



KÚN TÁRTIBI
САЙЛАУ УЧАСКЕСІН ҚАЛАЙ БІЛУГЕ БОЛАДЫ? 2-бет

AINA
АПАТТЫ ҮЙЛЕР МӘСЕЛЕСІ – НАЗАРДА 3-бет

QOǴAM
ТАТУЛЫҚТЫ ТУ ЕТКЕН 4-бет

RÝHANIAT
ЖЕЛТОҚСАН АЙЫНЫҢ НАМАЗ КЕСТЕСІ 6-бет


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖОЛДАУЫ 2020

***Қарағанды облысы моноқала тұрғындарын сауықтыру бойынша ауқымды бағдарламаны іске асырып жатқан еліміздегі алғашқы облыс болады. Оны халықаралық деңгейдегі тәуелсіз сарапшылардың зерттеуіне тапсырыс бере отырып, «Қазақмыс» корпорациясы ұсынды. Пилоттық жобаны жүзеге асыру үшін Сәтбаев қаласы таңдалды. Үш жыл ішінде барлық шараларды жүзеге асыруға шамамен 5,5 млрд теңге қажет болады. Мемлекет пен Корпорация қаражатынан ортақ қаржыландыру болжанып отыр. Қарағанды облысының әкімдігі мен компания ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды. Келісімге өңір басшысы Жеңіс Қасымбек пен «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС басқарма төрағасы Эдуард Огай Жезқазғандағы кездесуде қол қойды.***

# МОНОҚАЛАЛАРҒА – МОЛ МҮМКІНДІК



– «Қазақстан жаңа жағдайда: іс-қимыл уақыты» Жолдауында ел Президенті моноқалаларға «екінші тыныс» беруде қала құрушы кәсіпорындардың маңыздылығын атап өтті. «Қазақмыс» бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі қағидаттарына адалдығын көрсете отырып, облыс үшін маңызды мәселелерді шешуге белсене қатысады. Компания алғашқылардың бірі болып Елбасының пандемиядан зардап шеккендерге көмек қорын құру туралы үндеуіне жауап берді және дәрігерлерге үлкен қолдау көрсетті. Корпорация көпбалалы отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз етті. Алда әлі де көптеген игі істер күтіп тұр, – деп атап өтті Жеңіс Қасымбек.

Сәтбаев тұрғындарын сауықтыру бағдарламасы 2021 жылдың қаңтарында басталады. Алдын ала қалада ғылыми зерттеулер, тұрғындар арасында сауалнама жүргізілді. Сарапшылар медициналық ұйымдардың жағдайына және халықтың денсаулығына әсер ететін қауіп факторларына толық талдау жасады. Бағдарламаны жасаушылар барлық тараптардың: тұрғындар, дәрігерлер, жергілікті биліктің пікірін ескерді.

Моноқалада қолжетімді және сапалы медициналық көмек көрсетіледі. Басқа өңірлерге барудың қажеті болмас үшін Сәтбаев қаласында жоқ қызметтер пайда болуы керек. Сондай-ақ, күш-жігер салауатты өмір салтын қалыптастыруға және сол үшін жағдай жасауға бағытталады.

Қаланың медициналық ұйымдарын жаңа заманауи жабдықтармен жабдықтау жоспарлануда. Медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстары ұйымдастырылады. Кадр мәселесін жас мамандарға тұрғын үй беру арқылы шешу көзделіп отыр.

Эдуард Огай компания Сәтбаев қаласында заманауи емхана құрылысын қаржыландыруға дайын екенін хабарлады.

– Біз жұмысшылардың өмірін жақсарту және лайықты деңгейді қамтамасыз ету үшін Бағдарламаға қатысуға шешім қабылдадық. Шетте қала алмаймыз, сондықтан инфрақұрылымды дамытуға қаржы саламыз. Алдағы үш жылда нәтиже көрінетін болады деп ойлаймыз, – деп мәлімдеді «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС басқарма төрағасы.

Осыған ұқсас бағдарламаларды Жезқазған мен Балқаш бойынша да әзірлеу жоспарлануда.

Кездесуде Жезқазған, Балқаш, Сәтбаев және Ұлытау ауданының бес жылдық тұрақты әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасының негізгі бағыттары таныстырылды. Ол да «Қазақмыс» корпорациясымен бірлесіп іске асырылуда. Компания өз қаражатын моноқалалардың инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға жұмсайды. Бюджет қаражатына 131 жоба жүзеге асырылуда. Олардың ішінде су құбыры, жылу желілерін қайта жаңарту және газ тарту, тұрғын үй құрылысы, шатырларды, қасбеттер мен жолдарды жөндеу, қоғамдық орындарды абаттандыру, апаттық үйлердің проблемаларын шешу және әлеуметтік нысандарды жөндеу, қауіпсіздік және экология мәселелері бар.

**«Saryarqa-ақпарат»**

# ҚОЛЖЕТІМДІ БАҒА, САПАЛЫ ТАУАР

## *«ULY DALA» минимаркеттері осы талапқа сай болмақ*

***Бүгінгі таңда 160 адамды жұмыспен қамтып отырған «ULY DALA» гипермаркеті аймақ тұрғындарының игілігіне қызмет етіп тұрғаны рас. Енді аталған азық-түлік желісінің минимаркеттері Жезқазған мен Сәтбаев қалаларында тұрақты жұмыс істейтін болады.***



Бүгінде Сәтбаев қаласында белгіленген он минимаркеттің сегізі жұмыс істеуде. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай біздің қаламызда да «ULY DALA» минимаркеттері желісінің алғашқысы іске қосылды. Абай көшесіндегі минимаркеттің ашылу салтанатына Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Әбсаттаров та қатысты.

– Осындай елеулі күнде біздің де қаламызда «ULY DALA» минимаркеттерінің ашылып жатқаны – тұрғындар үшін зор қуаныш. Бүгінгідей шараға ұйытқы болып отырған қаламыздың мақтанышы, көпке үлгі кәсіпкер Сәуле Шәуенова ханымға алғысымды білдіремін. Минимаркет жұмысымен танысып шықтым. Өзге азық-түлік сауда орындарына қарағанда бағаның төмендігі байқалады. Аталған баға тұрақтылығы алдағы уақыттарда да ауытқымауын, өзгермеуін қалар едім.

►►*2-бетте*

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚСТАН

***Ел болу, Тәуелсіз мемлекет құру идеясы қаймана қазақтың о бастан асқақ арманы болып келді. Қазақстанның тәуелсіздік тұғырында орнауы оның болашағын сомдайтын жас өркеннің тәрбиесімен тығыз байланысты. Отбасында ертең ел тізгінін ұстайтын азаматтарды тәрбиелеу ісіне деген жауапкершілікті бір сәтке де естен шығаруға болмайды. Бесік сөзі тәрбиенің ұлттық сипатта болуы қажеттігін аңғартатындай.***

***Бүгінде осы ұлық міндеттің көп салмағын мұғалім мен ата-ана бірлесе көтеріп келеді. Анығында айдарлы ұл мен қылықты қыздың тәрбиесіне қоғам өкілдері тұтас жауапты. Мектеп, ата-ана, ұстаз үштігінің бала тәрбиесіндегі рөлін әрдайым бекемдей білген дұрыс.***

# ЕЛ БОЛАМ ДЕСЕҢ, БЕСІГІҢДІ ТҮЗЕ!

Тектілігі тереңге тамырланған қазақ халқы ежелгі бала тәрбиесіне баса назар аударған. Ұлтымыз қашан да баласының рухани жағынан бай болуына көп көңіл бөлген. Сәби дүниеге келгеннен бастап, оның ойлы, дене бітімінің дұрыс қалыптасуына, ақыл-ойының жетілуіне баса назар аударғандығы белгілі. Халықта «Баланды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген нақыл сөз бар. Кішкентай бала бойында адалдық, әділдік, мейірімділік, адамгершілік сияқты бар ізгі қасиеттерді сіңіруде халықтық педагогиканың маңызы зор. Үнемі әдептілік тәрбиесін беру арқылы баланы жақсыдан үйренуге, жаманнан жиренуге баулуды да кішкене кезінен бастаған дұрыс.

Халықтың ғасырлар бойы іріктеп, жинақтап алған озық тәрбиесін, дүниетанымын, өмірге деген көзқарастарын оңды-солды танып үлгермеген жастардың бойына сіңіру, оған сай мінез-құлықтарын қалыптастыру – аға буынның тікелей міндеті. Әл-Фараби «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деп айтып кеткенін білеміз. Ендеше, тәрбие беру қазіргі таңда өзекті тақырыптың бірі болып отыр.

►►*3-бетте*






# КЕЗЕКТІ АРАЛАУДА ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ МӘН БЕРДІ

***Сәрсенбінің сәтінде қала басшысы Қайрат Әбсаттаров жезқазғандықтармен тікелей эфирде жүздесті. Бұл жолы қала әкімі тұрғын үй құрылысы қарқын алған Жезқазғанның батыс аймағына атбасын бұрды.***

– Қақаған қыста жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстарын сынға алып, оның сапасына күмән келтіретіндер көп. XXI ғасыр – даму, өркендеу заманы. Соған сай құрылыс саласында да жаңа технологияларға басымдық берілуде. Сондықтан, «Жезқазғанның салынып жатқан тұрғын үйлері ұзаққа бармайды» деп тон пішуден аулақ болуға шақырамын. Құрылыстың барысы құзырлы органдардың жіті бақылауында, – деген Қайрат Әбсаттаровты іргетасы құйылған Алашахан даңғылындағы № 34 «Е» үйдің құрылысы барысымен мердігер «Астана көктем» ЖШС өкілі Ернар Ахметов таныстырды.

Мемлекеттік «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында бой көтеретін 90 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысына республикалық бюджеттен 175 028 мың теңге бөлініп, бүгінде оның 135 510,571 мың теңгесі игерілген. Маусымда басталған 4, 5, 6, 7 қабатты «казкатты» тұрғын үй құрылысының техникалық бақылауын «Компания Құрылыс көмек» ЖШС жүзеге асырады. Осы ретте «Құрылыстың сапасын қатаң бақылаудамыз. Ешқандай іркіліс те, олқылық та орын алмады», – деп сендірді техникалық қадағалауға жауапты маман Александр Анипреев.

28 пәтерден тұратын тұрғын үйдің жеті қабатты А блогы мен 24 пәтерлі, алты қабатты Б блогы 2021 жылы пайдалануға беріледі. Жеті қабатты тұрғын үйде жеделсаты орнатылады. Қалған В, Г блоктарының құрылысы 2022 жылдың желтоқсанында аяқталады. Бұл блок 4 және 5 қабаттан тұрады. Осылайша, Алаша хан 34 Е мекенжайындағы тұрғын үйде ауданы 41,27, 57,56 және 67,76 шаршы метр болатын бір, екі және үш бөлмелі пәтерлер орналасады. Пәтерлер тұрғын үй кезегінде тұрған әлжуаз топтағы жезқазғандықтарға жалдау негізінде үлестіріледі.

Қалалық құрылыс бөлімі басшысы мен техникалық қадағалаудың өкілдеріне құрылыс жұмыстарының сапасын жіті бақылауды тапсырған қала әкімі батыс аймақты абаттандыру мен көгалдандыру бойынша нақты жоспар құрылғанын айтты да Бекболатсай елді-мекенін бетке алды. Ол жақта қоғамдық көлік, ауыз су, жылу мен жолдың мәселесі өзекті.

►►*2-бетте*

## ҚР ПАРЛАМЕНТ МӘЖІЛІСІ және МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ САЙЛАУЫНА ҚАТЫСАТЫН САЯСИ ПАРТИЯЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 28-бабы 3-тармағына сәйкес, «Saryarqa» газетінің редакциясы ҚР Парламент Мәжілісі және мәслихат депутаттарының сайлауына қатысатын партиялардың (бұдан әрі – Партиялар) сайлауалды үгіт материалдарына ақылы негізде орын беретінін хабарлайды және сайлауалды үгіт материалдарының төмендегідей бағасы мен оларды газетке орналастыру шарттарын, орын беру тәртібін жариялайды:

– ақылы материалдың көлемі шаршы сантиметрмен есептеледі;

– газеттің бірінші бетіне орналастырылатын сайлауалды үгіт материалының көлемі 400 шаршы сантиметрден аспауы тиіс;

– партиялардың сайлауалды үгіт материалдарына орын беру материалдардың редакцияға келіп түсу ретіне қарай түзілетін кезек арқылы жүзеге асады;

Партиялардың сайлауалды үгіт материалдарын орналастырудың әр шаршы сантиметрі үшін алынатын төлем мөлшері: **1-бет үшін – 250 теңге;** түрлі-түсті беттер үшін **– 200 теңге;** ақ-қара түсті беттер үшін – **100 теңге.**

**«САРЫАРҚА ГАЗЕТІ РЕДАКЦИЯСЫ» ЖШС**

SARYARQA-AҚПАРАТ

## САЙЛАУҒА КЕЛЕТІН ШЕТЕЛДІК БАҚЫЛАУШЫЛАР АККРЕДИТТЕЛДІ

***ҚР Орталық сайлау комиссиясы Қазақстан Парламенті Мәжілісінің және мәслихат депутаттарының сайлауына келетін шетелдік бақылаушыларды аккредиттеді.***

– «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» конституциялық заңның 20-2-бабына сәйкес шет мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың байқаушыларын аккредиттеуді Орталық сайлау комиссиясы Сыртқы істер министрлігінің ұсынуы бойынша жүзеге асырады. 2020 жылғы 20 қарашада Сыртқы істер министрлігінің ұсынуы бойынша Орталық сайлау комиссиясы ТМД Парламентаралық ассамблеясынан 29 байқаушыны аккредиттеді. 2020 жылғы 25 және 26 қарашада Сыртқы істер министрлігінің 10 байқаушыны аккредиттеу туралы ұсыныстары келіп түсті. Олардың барлығы аккредиттеуге шығарылып отыр. Ұсынылған тізімде 6 байқаушы ТМД байқаушылары миссиясының құрамында, 4 байқаушы Ислам Ынтымақтастық Ұйымы миссиясынан аккредиттеледі, – деді ОСК мүшесі Анастасия Щегорцова.

Ол аккредиттеуге ұсыныстардың келіп түсуіне қарай байқаушылар бойынша деректер жаңартылатынын айтты.

## ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ АЛАТЫН БАЛАЛАР САНЫ ӨСІП КЕЛЕДІ

***Бұл туралы Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов Үкіметте өткен онлайн отырыс кезінде айтты.***

Министрдің айтуынша, ерекше білімге қажеттілігі бар азаматтардың 160 мыңнан астамы білім алуда. Жыл сайын инклюзивті білім алатын балалар саны өсіп келе жатыр. Олар үшін жалпы білім беру ұйымдарында жағдай жасалуда. Сәйкесінше, арнайы мектептер мен арнайы балабақшалардағы балалар саны азаюда.

– Жалпы білім берудің барлық деңгейлеріндегі ұйымдарда, балабақшалардан бастап докторантураға дейін осы санаттағы азаматтар бүгінгі күні оқып жатыр. Ерекше білімге қажеттілігі бар балалардың басым көпшілігінің психикалық дамуы тежелген. Екінші орында сөйлеу қабілеті бұзылған балалар, одан кейін ақыл-есінің тежеуі бар балалар. Одан басқа тағы алты санаттағы балалармен жұмыс жүргізіледі. Соңғы жылдары аутистикалық ауруларға шалдыққан балалардың саны артуда, – деді министр.

Министр ерекше балалар үшін жағдайларды жақсартудың басты міндеттеріне тоқталды.

Ең алдымен олардың ерекшеліктерін және ауытқуларын ерте анықтауды қамтамасыз ету, екіншіден ерте түзетуге мүмкіндік беріп, реабилитациямен қамту, үшіншіден инклюзивті білім берумен қамтуды ұлғайту, төртіншіден кедергісіз ортаны қалыптастыру, бесіншіден оқу-әдістемелік сүйемелдеуді жетілдіру, педагогтердің әлеуетін арттыру. Аталған мәселелерді шешу бойынша нақты көрсеткіштер бекітілді.

Осы ретте Аймағамбетов бірнеше маңызды бағытты атап өтті.

– Кедергісіз орта құру бойынша қазіргі күні балабақшаларда 31%, мектептерде 70%, колледждерде 45%, ЖОО-ларда 30%-інде ғана жағдай жасалған. Бұл жеткіліксіз. 2025 жылға дейін балабақшаларда 70%-ке, мектеп, колледж бен ЖОО 100%-ке қол жеткізу жоспарланған. Келесі мәселе – ерекше балаларды бір немесе екі жаста болған кезінде зерттеп, ауытқуларын анықтау және оларға нақты бағдарламаны бекіту. Көп жағдайда өкінішке қарай, балалардың осындай ерекшеліктері мен ауытқулары өте кеш анықталып жатады. Соның салдарынан уақытылы көмек көрсетілмегеннен кейін бұл балалардың денсаулығын ары қарай түзеуде қиындық туындайтыны анық. Осы проблемамен айналысатын арнайы психологиялық орталықтарды арттыру қажет. Тағы бір сұрақ – инклюзивті білімді дамыту. Осы ретте инклюзияны қолдау барысында қабылдаған мектептерге төленетін қаржыны екі есеге көбейттік. Яғни ерекше баланы мектеп оқуға алса, онда сол мектеп басқа балалардың сомасынан екі есе көп ақша алады, – дейді министр.

Аймағамбетов Парламентте инклюзивті білім беру бойынша арнайы заң жобасы қаралып жатқанын айтты.

## ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖАЛАҚЫСЫ КӨБЕЙЕДІ

***Бұл туралы өткен онлайн отырыс кезінде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов баяндады.***

– Министрлік әлеуметтік қызметтерді жаңғырту бойынша дұрыс саясат жүргізуде. Бүгінде медициналық әлеуметтік мекемелердің саны 931-ге жетті және 122 мың адамды қамтиды. Осы мәселеге қатысты «Әлеуметтік қызметті жаңғырту бойынша» ұлттық жоспарын және әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінің жан басына шаққандағы қаржыландыруға көшу тұжырымдамасы әзірленіп жатыр, – деді министр.

Медициналық әлеуметтік мекемелерде көрсетілетін қызметтер сапасын жақсарту бойынша қосымша шаралар іске асырылуда.

– Әлеуметтік жұмыста әлеуметтік қызметкерлерге негізгі рөл беріледі. Осыған байланысты UNICEF пен Елбасы қорының қолдауымен бүгінге 12 мың әлеуметтік қызметкерді тестілеу және оқыту басталды. Үкімет тарапынан әлеуметтік қызметкерлер жалақысын кезең-кезеңімен арттыру мәселесі қарастырылып жатыр. Жаңа әлеуметтік кодексте әлеуметтік қызметкерлердің мәртебесін арттыруға бағытталған нормалар жеке айқындалады. Ұлттық жоспар шеңберінде министрлік азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселесі бойынша заң жобасын әзірледі. Заң жобасы 80-нен астам нормативтік-құқықтық актіге өзгерістер енгізуді көздейді. Сондай-ақ, мүгедектігі бар адамдардың құқықтары мен әлеуметтік қолдауын қамтамасыз етуге қатысты «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасында көрсетілген 10-нан астам тұжырымдамалық толықтыруларды қамтиды. Айта кетсем, мүгедек адамдарды жұмысқа орналастыру жөніндегі квотаны орындамайтын жұмыс берушілер өтемақы жарналарын енгізу, барлық бірінші топтағы мүгедек жандарға күтім жасайтын адамдарға берілетін жәрдемақы енгізу, 7 жастан 16 жасқа дейінгі балаларды мүгедек топтары бойынша бөлу және жәрдемақы мөлшерін қайта қарау, мүгедектікті және асыраушысынан айырылу бойынша жәмдемақыларды бірге алу құқығын беру, – деп атап өтті Біржан Нұрымбетов.

ӘКІМ САҒАТЫ

# КЕЗЕКТІ АРАЛАУДА ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ МӘН БЕРДІ

***(Соңы. Басы 1-бетте).***

Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ержан Есетов 2017 жылы Мұқанов пен Жезді көшесіндегі жол жөнделгенін, келер 2021 жылы Бөкейхан, Болман мен Бүкіров көшесіндегі жолдардың жөнделетінін айтты. Бұл аймаққа газ тартылатынын еске салған қала әкімі жол жөндеу жұмыстарын жоспарлау кезінде мұқият болуға шақырды. Сонымен қатар, елді-мекендегі қақпағы жоқ құдықтар мен тазалық мәселесін шешуді қадап тапсырды.

Басы даудан арылмайтын №1 бағыттағы қоғамдық көліктің де мәселесі бүгін-ертең шешілмек екенін естіген тұрғындар әлеуметтік желіде қуанып сала берді.

– №1 бағытта тасымалдаушы мердігер 7 қоғамдық көлік бар деп сендіреді. Олардың жүру интервалы 20-30 минутты сақтамайды. Сол себепті біз жыл соңына дейін автобустарға «Gps» орнатып, бақылауға алмақпыз, – дейді тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімінің басшысы Ержан Есетов.

Ол сондай-ақ, Бекболатсай елді-мекенінде ұзындығы 1 км болатын оралмаған жылу құбырын ай соңына дейін ретке келтіруге уәде етті.

Әлеуметтік желіде көп айтылатын сынның бірі – жылу мәселесі. Бүгінгі күні қала бойынша 20 тұрғын үйде жылу деңгейі төмен. «Үйімізде дірдек қақтық» деп шағым айтқан Момышұлы көшесіндегі 27-үй тұрғындарының жанайқайын әкімге «Самға» ПИК төрағасы жеткізді. Бұл үйдің шеткі кіреберістеріне жылу аз келеді. Кей пәтерлердегі жылу 10 градусты көрсетіп тұр. ПИК төрағасы мен жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорны қызметкерлері бұның себебін маңайдағы жеке кәсіпкерлік нысандармен байланыстырды. Іске қосылған бірқатар дүкендер еш рұқсатсыз жылу трассасына қосылып алған сыңайлы. «Дүкенімізді тоқпен жылытып отырмыз» деп ақталатын кәсіпкерлер тескеруге келген ПИК пен жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорны қызметкерлерін табалдырықтан да аттатпайды. Екі дүкеннің иесімен жеке кездескен қала әкімі тұрғындардың мүддесі бірінші орында екенін алға тартып, жылуды «ұрлаған» жөнсіз кәсіпкерлер заң жүзінде тәртіпке шақырылатынын ескертті.

Тікелей эфирде тұрғындардың жолдаған сауалына тиісті мекеме басшылары да белсенділікпен жауап бергенін айта кеткен жөн. Тікелей эфирде көп көтерілген вокзал аймағы, Қостанкелді мен Бекболатсай елді-мекені, 91-орамда дәріхана ашу мәселесін Қайрат Әбсаттаров өз бақылауына алды.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

***2021 жылдың 10 қаңтарында елімізде ҚР Парламенті Мәжілісінің және барлық деңгейдегі мәслихаттардың депутаттарын сайлау өтетіні белгілі. Осы орайда дауыс беру құқығы бар көптеген азамат өзінің сайлау учаскесініңқайда екенін білмей жататыны да бар. Ал оны анықтау жолы – өте қарапайым.***

# САЙЛАУ УЧАСКЕСІН ҚАЛАЙ БІЛУГЕ БОЛАДЫ?

Еліміздің барлық өңірлерінде сайлаушылардың тізімін әзірлеуге жауапты жергілікті әкімдіктер ресми сайттарына арнайы баннер орналастырып, Call-орталықтар, Telegram-боттар жасақтап қойған. Сол ресурстарға кіру арқылы кез келген азамат өзінің тұрғылықты жері бойынша сайлау учаскесін анықтай алады. Ал уақытша тұрып жатқан азаматтар 10 желтоқсанға дейінгі жергілікті әкімдіктерге барып, дауыс беру үшін тіркеуден өтуі қажет.

Қарағанды облысының электронды қызмет көрсетулер порталында (https://e-krg.gov.kz/Services/Electa/CheckIIN.aspx?lang=kk) ЖСН теру арқылы сайлау учаскесін анықтауға болады. Егер ЖСН арқылы дауыс беретін учаскеңіз анықталмаса, онда жоғарыдағы порталда көрсетілген өңір аумағындағы қалалар мен аудандарда ашылған Call-орталық нөмірлеріне хабарласуыңыз қажет.

Айта кетерлігі, бүгін еліміздің Орталық сайлау комиссиясы әр сайлаушыны құқықтық сауаттылық танытып, сайлау құқығын пайдалануға шақырған үндеуін жариялаған болатын.

«Өзіңізді сайлаушылар тізіміне енгізу бойынша заңды маңызды әрекеттерді уақтылы қабылдауыңыз қажет. 2020 жылғы 26 желтоқсаннан бастап сізге өз сайлау учаскеңіздегі сайлаушылар тізімінен өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі беріледі», – делінген аталған үндеуде.

# ҚОЛЖЕТІМДІ БАҒА, САПАЛЫ ТАУАР






***(Соңы. Басы 1-бетте).***

Азық-түлік бағасының шарықтауына жол берілмейді деген үмітім бар. Көптеген сауда желілерінде кездесе бермейтін заманауи технологиялармен жабдықталғанынан хабардар болдым. Сауда ғимаратының сыртқы көрінісі де бірден көзге түседі. Дегенмен, алдағы уақытта минимаркет ғимараттары аулаларының абаттандырылуына көңіл бөлсеңіздер екен деген тілегім бар, – деген Қайрат Бектайұлы минимаркет жұмысына сәттілік тіледі.

Әрқашан тұрғындар жағдайы мен талабын ескеретіндіктерін айтқан Сәуле Шәуенова да минимаркеттің ашылуына жиналған барша қонақтарға алғысын білдірді.

1 желтоқсан күні Жезқазған қаласында Абай және Пушкин көшелерінде «ULY DALA» минимаркетінің үш желісі қолданысқа берілді. Тәуелсіздік күні қарсаңында Алашахан даңғылы, 7, Анарқұлов көшесі, 9, Әуезов көшесі, 56 және Мир даңғылы, 45/47, Гагарин көшесі, 36 мекенжайларында тағы бес минимаркет желісі іске қосылмақ.

2021 жылы медициналық орталық маңы мен Жеңіс көшесі, 11 мекенжайында да тұтынушыларға жаңа минимаркеттер қызмет көрсететін болады. Барлық минимаркет желілері толық ашылысымен 114 тұрғын жұмыспен қамтылады деп жоспарлануда. Аймақ бойынша ашылатын барлық «ULY DALA» минимаркеттеріне «Kazakhmys Holding» тарапынан 1 млрд 226 млн теңге, «Ютария ltd» өндірістік-инновациялық компаниясынан 306 млн теңге қаржы бөлінген.

Таңғы сағат 8-ден 22:00-ге дейін жұмыс істейтін минимаркетте қала азаматтарына қажетті барлық азық-түлік өнімдері, ет, сүт тағамдары жартылай фабрикатты өнімдер мен дайын тағамдар, кондитерлік өнімдер кездеседі. Бастысы – минимаркет көбіне отандық өнімдерді саудалайды. Олардың ішінде өз аймағымыздағы «Ұлытау нан», «Сүт жағасы», «Сәтбаев минералды және жемісті сулары» «Баян», «ПлемПтицеторг» ЖШС мен «Ахмиров», «Устай», «Рейслер» жеке кәсіпкерліктерінің өнімдері бар.

Сауда нүктесіне келген халықтың қарасы қалың. Аталған азық-түлік маркеті туралы тұрғындар пікірін сұрағанды жөн көрдік.

– Көріп тұрғандарыңыздай себетімді жеміс-жидекке толтырып жүрмін. Жасы үлкен адаммын. Маған осындай дәруменге құнарлы тағамдарды жиі тұтыну керек. Көбіне осы маңайдағы бір-екі ғана азық-түлік дүкеніне баратынмын. Оларға қарағанда бұл жерде баға арзанырақ екен. Азық-түлік бағасы күн санап шарықтап барады. Бұл, әрине, бірінші кезекте қарапайым халықтың қалтасына ауырлық салады. Алдағы уақытта да осы бағалар сақталса, мен осынау «ULY DALA» минимаркетінің тұрақты тұтынушысына айналарым сөзсіз, – дейді Тұрар Жұмабекова есімді қала тұрғыны.





# ВОЛОНТЕРЛАР ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

***Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті күні қарсаңында жезқазғандық жастардың көптен күткен «Бірлік» волонтерлар орталығы ашылды. Халықтар достығы мен мәдениеті үйінің бірінші қабатында орналасқан орталыққа барша волонтерлар мен волонтер болуға ниетті жастар барып, жаңа идеяларымен бөлісе алады.***



– Еліміздің болашағы жастар екенін жиі айтамыз. Осы тұста жастардың қолтығынан демеп, қолдау көрсету, жол сілтеу – аға буынның жауапкершілігіндегі іс. Жезқазғандық жастар қоғамның әр түрлі саласында ерінбей еңбек етіп, биік белестерді бағындыруда. Біз олармен мақтанамыз. Жезқазғанда онға жуық волонтерлік ұйым бар екен. Солардың барлығының басын бір жерге жиып, ортақ ғимарат ішіне тоғыстыру көптен ойда жүрген шаруа еді. Міне, бұл мақсатымыз да орындалды. Алдағы уақытта қала орталығында орналасқан «Пирамида» ғимаратынан жастар орталығын ұйымдастыру жоспарда бар. Сондай-ақ, түрлі мәдени орталықтар мен «стрит-варкаут» алаңдарын ашуды көздеп отырмыз, – деген Зина Жұманазарқызы жастарға артылар сенім де мол екенін жеткізді.

– Бұл жер – барша жезқазғандық волонтерларға ортақ мекен. Орталықтың атауында біраз ойландық. Ақылдаса келе әрдайым ауызбіршілікте, берік татулықта болайық деген ниетпен «Бірлік» деп атауды жөн көрдік. Біздің волонтерлар, әсіресе, пандемия уақытында көптеген жұмыстар атқарды. Көмекке мұқтаж жандардың қасынан табылды. Жақында ел арасына хабарландыру таратып, артық киім-кешектері болса, біздің орталыққа табыстауларын сұрады. Біз оларды қажет ететін жандарға бергіміз келді. Бірнеше күн ішінде біз ойлағаннан да көп әйелдер, ерлер, балалар киімдері жиналды. Қыстық тонға дейін өткізген адамдар болды. Біз оларды жинап, мұқтаж адамдарға ұсындық. Біздің орталыққа келген адамдар өздеріне қажетті, әсіресе, қыс мезгіліне керек сырт киімдерін алып кетті. Бұл шара әлі де жалғасын таба бермек, – деді өз сөзінде «Бірлік» волонтерлар клубының жетекшісі Ыдырыс Қозайдаров.

Шара барысында Зина Жұманазарқызы жезқазғандық жастарға қолдау көрсетіп жүретін БҰҰ «Даму» бағдарламасының өкілдері Якуб Бериш пен Қанатбек Зертүймеевке «Алтын жүрек» төсбелгісін табыстады.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚСТАН

# ЕЛ БОЛАМ ДЕСЕҢ, БЕСІГІҢДІ ТҮЗЕ!

*(Соңы. Басы 1-бетте).*

Бұл тақырып көп ауқымды мәселелерді қамтиды. Мөңке би «Заманына қарай адамының» кебін кидік пе, әлде, «Тәртіпке бағынған құл болмайды» деген сөзді естен шығарып алдық па, әйтеуір, қазіргі таңда үйдегі тәртіп пен түздегі тәрбие жағы ақсап тұр.

Кезінде Мөңке биіміз болжаған заманақыр туды ма?!...

Домалақ-домалақ дәрің болады,
Жастарға билігі жүрмейтін кәрің болады.
Ертеңіне сенбейтін күнің болады,
Бетіңнен алып түсетін інің болады.
Алашұбар тілің болады,
Дүдәмалдау дінің болады.

Бұл сөздердің бәрі XXI ғасыр жастарына тура айтылған деп ойлаймын. Жастардың көбі қазір телефонға, ғаламторға тәуелді. Онсыз бір күн де, бір күн тұрмақ бір сағат та шыдай алмайтын жағдайға келдік. Бұның бәрі адамның тәрбиесіне, сана-сезіміне, адамгершілік қасиеттің төмендеуіне әкеп соғады. Сондықтан да телефонды бір сәтке қоя тұрып, айналамызға саналы түрде қарап, отбасымыздан, ұстаздар мен қоршаған ортамыздан алып жатқан тәрбиемізді іс жүзіне асыруымыз керек. Дос көрмей, шынайы махаббатты сезінбей, еңбекпен тапқан нанның тәтті екенін білмей өткен өмір, өмір ме? Қыздың атын шығаратын оның жасанды ажары емес, қыздың анадан көрген тәрбиесі, жүрісі, тұрысы деп ойлаймын. Қазіргі жастардың көпшілігі төл тарихымызды, салт-дәстүрімізді білмейтіні былай тұрсын, мінезге де жарымаған сияқты. Ер балалардың барлығы демеймін, бірақ ішінара ұсақталып ұрысқа сақадай сай тұратын, қиындық туа қалса, жігерлері жасып, қайратына қайта мінер қайсары таусылып, ішімдікті жолдас көріп, солармен сырласатындар кездесіп жататыны өкінішті.



Теңгенің екі жағы болғандай, еліміз тек қана осындай жастарға толы емес. Өнегелі отбасынан шыққан, тәрбиелі, білімді, патриотты жастарымыз да баршылық. Жас болса да талай қамалдарды алып жүрген талаптыларымыз жетеді. Биік дәрежеге жетіп, еліміздің беделін көтеріп жүргендер қаншама. Әрбір жасаған игі іс-әрекеттері үлгі аларлық жастарды көргенде көңіл түпкірінде үміт сәулесі жылт еткендей болады.

«Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» деп текке айтылмаса керек-ті. Сондықтан да әрбір адам жақсыға үйреніп, ұлы Абай айтқандай дүниеге кірпіш болып қалануға, осы жалғаннан өз орнын табуға ұмтылғаны жөн. Халықтық педагогикадан нәр алған баланы ата-баба өсиеттерін сіңіріп, салт-дәстүрлерді біліп, ел қамын ойлайтын, тілін, дінін құрметтейтін, өз ұлты мен қатар өзгелерді сыйлай алатындай етіп шығару ата-ананың басты мақсаты болуға тиіс. Қазіргі қоғамның алдында тұрған мәселенің бірі – бүгінгі жас жеткіншектің бойына бәсекеге қабілетті құндылықты қалыптастырып, дамытуға айрықша көңіл бөлу. Бүгінгі бала – ертеңгі жас азамат. Еліміздің болашағы, сол болашаққа алып барар келешектің тұтқасы жастардың қолында екенін Елбасымыздың өзі де айтқан болатын.

Болашағымыздың жарқын болуы бүгінгі бірлігімізге байланысты екені сөзсіз. Бірлігімізге бекем болсақ, болашағымыз баянды, берекелі болары хақ.

Алаш ардақтысы Әлихан Бөкейханов «Қазақ баласы бірігіп, тізе қосып іс қылса, халықтық мақсат сонда орындалады. Бостандыққа апаратын жалғыз жол – ұлттық ынтымақ қана» деген емес пе?! Бұны дәйім есте ұстаған абзал.

Тәуелсіз ел атанып, төрт құбыламызды түгендегелі 30 жылға таяпты. Тәуелсіз Қазақстанның төл ұрпақтарының өзі орда бұзар отызға толғалы отыр екен. Бүгінде олардың балалары да ес біліп, біршама ержетіп қалды.

Азат елдің жастары, құрметті балаларым, сендер сондай бақытты ұрпақсыңдар! Осынау бастарыңа бақыт құсы болып орнаған азаттығымызды одан әрі асқақтатып, Мәңгілік елдің атын әлемге мәшһүр ету, елге, жерге, тілге қорған болу – мына сендердің басты парыздарың. Біз де әрқашан өздеріңнің тілеулеріңді тілеп отырамыз. Сенеріміз де, сүйенеріміз де – сендерсіңдер. Ендеше, ел үмітін арқалап, адал жолмен алыстарды бағындырып, Тәуелсіздігіміздің тірегіне айналатындарыңа сенемін!

**Төлеген БҮКІРОВ**

СЕССИЯ

***VI шақырылған қалалық мәслихаттың кезекті LIV сессиясына депутат Светлана Жумкина төрағалық етті. Сессия жұмысына Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Әбсаттаров, қалалық мәслихаттың хатшысы Советбек Медебаев, сондай-ақ облыстық және қалалық мәслихаттың депутаттары, кәсіпорын мен мекеме басшылары қатыстырылды.***

# ДЕПУТАТТАР ЖҰМЫС САПАСЫН СЫНҒА АЛДЫ

Күн тәртібіне шығарылған алғашқы екі сұрақ бойынша Жезқазған қаласы экономика және қаржы бөлімі басшысы Виктория Ставицкая сөз алды. Ол қалалық мәслихат депутаттарының қарауына Жезқазған қаласының бюджетіне және 2016-2020 жылдарға арналған қаланың даму бағдарламасына енгізілетін өзгерістерді таныстырды. Одан кейін қалалық білім бөлімі басшысы міндетін атқарушы Гаухар Жақыпбекова жөндеу жұмыстары кестеге сай өтпеген мектеп пен балабақшалар турасында баяндама жасады.

– №5 «Тамаша» балабақшасы мен №21 орта мектептің күрделі жөндеу жұмыстары бекітілген кестеге сай орындалмады. Балабақша жөндеуі бойынша конкурс жыл басында, яғни 28 қаңтарда жарияланған. Оның нәтижесінде жеңімпаз атанған «Рокада Group» ЖШС-ін конкурстың екінші қатысушысы «Марал Құрылыс» компаниясы сотқа берген. Сот шешімі шыққан қыркүйек айында біз мердігер «Рокада Group» ЖШС 25 млн 512254,21 теңгеге келісім-шарт жасастық. Бүгінгі таңда мердігер жұмыстың 90 пайызын орындады. Жөндеу жұмыстарын аяқтау мерзімі – 05.12.2020 жыл.

№21 орта мектептің жөндеуі маусым мен тамыз айлары аралығында өтуі тиіс еді. Дегенмен, мердігер жөндеуді 58 күнге кешіктірді. Қалалық білім бөлімі мердігерден кешіктірілген күндер үшін 7 млн 536 871 теңге көлемінде айыппұл өндіру туралы сотқа талап-арыз берді, – деген Гаухар Нәбиқызына мәслихат депутаттары кадр тапшылығын жоюға, сондай-ақ, Қ.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейінің жанына автокөлік тұрағын жасау бойынша ұсыныс білдірді. 2021 жылдан бастап облыстық деңгейге өтетін білім бөлімі 2020-2021 жаңа оқу жылына дайын емес екі мектеппен аяқ басқанын сынға алған облыстық мәслихаттың депутаты Бауыржан Шыңғысов білім бөліміне қалалық бюджеттен бөлінетін 6 млрд теңгеден астам қаржының мақсатты жұмсалуын бақылауға жергілікті атқамінерлер қатысу қажеттігін алға тартты. Құрылысы ұзаққа созылған 320 орындық балабақшаның да мәселесін көтерген депутаттарға Зина Жұманазарқызы жауап берді. Қала әкімінің орынбасары балабақша құрылысына тапсырыс беруші Қарағанды облысының құрылыс басқармасы нысанды бұрынғы мердігер «Тавис» ЖШС-дан қабылдап алғанын және құрылысты аяқтауға қосымша 52 млн теңге бөлінгенін хабарлады, сондай-ақ жаңа мердігер «Қарағанды» ЖШС 2021 жылдың басында балабақшаны ел игілігіне береді деп сендірді.

Сессия отырысында «Жезқазған қаласының Құрметті азаматы» атағын беру ұсынысы да қаралды. Мәслихат депутаттарының бірауыздан қолдауымен осы атаққа Асқар Ермекбаев, Болатбек Есмұханов пен Ғазиз Ештанаев лайықты деп танылды. Сонымен бірге, олар Жезқазған қаласы мәслихатының 2021 жылға арналған жұмыс жоспарын бекітті. VI шақырылған қалалық мәслихатының кезекті сессиясына Сергей Сурнин төрағалық ететін болды.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖОЛДАУЫ 2020 ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

# ПЕДАГОГТЕР КӘСІБИ ДАМУ ЖОЛЫНДА

***Пандемияға байланысты елімізде 2020-2021 оқу жылы 1-сынып пен кезекші сыныптарды есепке алмағанда қашықтан оқу форматында ұйымдастырылып отыр. Жезқазған қаласының мектептерінде қашықтан оқыту «SDOTБілімал» платформасында жүзеге асырылуда.***

Аталған платформаның қызмет көрсетуі бойынша биылғы жылдың шілде айынан бастап «Қашықтан оқыту және тестілеу жүйесі», «Қашықтан оқытуды үйренемін» атты курстары өткізіліп, оны қала мектептерінің барлық мұғалімдері кезең-кезеңімен оқып, меңгеріп шықты. Жалпы, қашықтан оқу процесіне қарамастан, педагогтердің кәсіби дамуын жетілдіру – күн тәртібінен түспейтін мәселе. Бүгінде біздің ұстаздар біліктіліктерін арттырып, үлкен ізденіс үстінде.

Олар үшін «ZOOM» платформасында қашықтан педагогтердің кәсіби шеберлігін шыңдау мақсатында бірнеше конкурс пен байқаулар өткізілуде. Атап айтатын болсақ, 2020 жылдың 24 қарашасында Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен білім беру ұйымдарының медиаторлары арасында облыстық «Үздік медиатор – 2020» байқауы өткізілді. Қатысушылар «Мен кәсіби медиатормын» Pitch-презентациясын, мектеп медиация қызметін дамыту бағдарламасының презентациясын жасап, «Әдістемелік жинақ» тапсырмалары бойынша өз тәжірибелерімен бөлісті. Облыстық конкурстың қорытындысы бойынша №3 ЖОББМ педагог-психологі Айгүл Магазова жүлделі I орынға ие болды. Облыстық «Үздік психолог – 2020», «Үздік логопед – 2020» байқауларына да жезқазғандық білім ұйымдарының мамандары белсене қатысты. Нәтижесінде «Үздік психолог – 2020» байқауының облыстық кезеңінде Қ.И.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейінің мұғалімі Гүлден Байжиенова III орын, «Үздік логопед – 2020» байқауында №8 «Айсұлу» бөбекжайының логопеді Айнұр Райханова II дәрежелі дипломмен марапатталды. Облыстық «Математикалық білім» атты математика пәні мұғалімдерінің форумы (1-7 секция) бойынша 98 жезқазғандық педагог қатысып сертификатталды. Оның ішінде тәжірибесімен бөліскен 29 педагог мадақтамалармен еленді.

2020 жылдың 12 қарашасында математика, физика және информатика пәндері мұғалімдерінің ашық республикалық шығармашылық байқауының облыстық кезеңіне 47 педагог қатысты. Облыстық кезеңнің қорытындысы бойынша №13 ЖОББМ математика пәнінің мұғалімі Маржан Серкебаева I дәрежелі дипломмен, №11 ЖОББМ мұғалімі Жанат Бақтыбекова III дәрежелі дипломмен, физика пәнінен №22 ЖОББМ мұғалімі Татьяна Лаврентьева II дәрежелі дипломмен марапатталды. Сондай-ақ, Маржан Серкебаева мен Татьяна Лаврентьева математика, физика пәндері бойынша байқаудың республикалық кезеңіне жолдама алды.

Қарағанды облысының ПШО ұйымдастыруымен өткен «Жетекші мектептердің аймақтық онлайн форумы» және жетекші мектептердің «Сабақты зерттеу Lesson Study: қазақстандық мектептердің тәжірибесі» тақырыбында аймақтық ғылыми-зерттеу конференциясына да біздің педагогтер қатысып, жақсы нәтиже көрсете білді.

**Әсел ЖӘКЕНОВА,**
**Жезқазған қаласы білім бөлімінің әдістемелік кабинет меңгерушісі**

# «МЕН – ЖАС ҚАЗАҚСТАНДЫҚПЫН»

***форумы белсенді жезқазғандықтарды анықтады***

Жыл сайын қоғамның әр түрлі саласында оқ бойы озып шығып, мысты шаһардың дамуына өз үлестерін қосып жүрген жезқазғандық жастарға арналған «Мен – жас қазақстандықпын» атты жастар форумы биыл да жалғасын тапты.

– «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты» деп Мағжан ақын сипаттаған жалынды қазақ жастары біздің қаламызда да жетерлік. Былтыр бұл форум республиканың әр түпкіріндегі аты көпке мәлім аймақ жастарының қатысуымен жоғары деңгейде өткізілген болатын. Биылғы карантин біраз жайтқа шектеу болды. Дегенмен, жастарды қолдау – біздің маңызды міндеттеріміздің бірі болып қала бермек. Жыл сайын жастарға берілетін қаржылай сыйлық көлемі де артып келеді. Мен бүгінгі үздік деп танылған аталым иелерін шын жүректен құттықтаймын. Еңбектеріңізге табыс, алдағы істеріңізге сәттілік тілеймін. Бағындырар белестеріңіз арта бергей! – деді шараны ашқан Жезқазған қаласы ішкі саясат бөлімінің басшысы Мереке Мырзабекова.

Аталған шарада «Жылдың жас дарыны» номинациясын Абылай Садық иеленсе, «Жылдың жас ғалымы» Рауғаш Нұрмағанбетова атанды. Ал «Жылдың үздік блогері» номинациясы Әлібек Қаратаевқа, «Жылдың үздік жас спортшысы» Мадияр Отарға, «Жылдың үздік ауыл жасы» Айгерім Батыршайға бұйырды.

Ал «Жігерлі жас» номинациясын Әділ Естаев , ал «Ел үмітін» Диас Әбдіғазиев иеленсе, «Үздік жас маман» Әділбек Түсіпәлі, «Үздік құтқарушы» Бекболат Мейрам, «Жыл ақыны» Ботакөз Мұхиден, «Жыл көшбасшысы» Аружан Төлеубек, «Жастар жанашыры» Қанатбек Зертүймеев атанды.

Биылғы пандемия уақытында күн-түн демей еңбек етіп, қала азаматтарына қол ұшын созған Жезқазған жоғары медициналық колледжі ұжымы мен студенттерінің еңбегі мақтауға тұрарлық. Соған орай, қазылар алқасы «Жылдың үздік оқу орны» номинациясын Жезқазған қалалық жоғарғы медициналық колледжіне беруді жөн көрген. Ал «Жыл мақтанышы» номинациясын Аяжан Сәменова, «Үздік



жас ұстаз» Ақжан Шубаева, «Жылдың үздік шебері» Мереке Фазылова атанды.

Жыл сайын кәсібін дөңгелетіп отырған қыз-келіншектер саны да артып келеді. Соған сай биыл жүлдегерлер тізіміне «Жылдың іскер әйелі номинациясы қосылды. Бұл аталымның иесі Зарина Фазылова атанса, ең басты номинация саналатын «Жыл патриоты» атағын боксшы Нұрбол Сұлтанбай қанжығасына байлады.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**



Аталған көрмені тамашалауға қала мектептерінің оқушылары шақырылды. Музейдің ғылыми қызметкері Эльвира Мұхамедина XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ қыздары ойнаған қуыршақтармен

# ҚУЫРШАҚТАР ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

***Қуыршақ жасау – көп адамның қолынан келе бермейтін ерекше өнер. Кез келген бүлдіршін қыз баланың сүйікті ойыншығы саналатын осынау қолданбалы өнер туындысы кім-кімді де қызықтырмай қоймайтыны сөзсіз. Осыған орай, Жезқазған тарихи-археологиялық музейі «Қазақ қуыршағы: жасалу техникасы» атты көрме өткізді.***

таныстырса, олардың жасалу жолы барысынан экспозиция бөлімінің суретші-безендірушісі, қолөнер шебері Сабира Өткелова шеберлік сабағын өткізіп, балаларды таң-тамаша етті.

– Мен тігінмен айналысқанды жақсы көремін. Қуыршақ тігу ісі тіптен қызықты екен. Бүгін тарихи мәліметтерге қанықтым. Сондай-ақ, қуыршақ тігуді үйрендім. Достарыммен бірге қуыршақ жасаудың технологиясымен танысып, өзіміз істеп көруге де мүмкіндік алдық. Алдағы уақытта да осындай көрмелер ұйымдастырылып тұрса екен, – дейді көрменің Сабина есімді кішкентай қонағы.

Шара соңында музей басшысы Раушан Қапарова шарадан белсенділік танытқан оқушыларға Алғыс хаттар табыстады.

**Ай СҮГІР**

ҚАЛА ШАРУАШЫЛЫҒЫ

# АПАТТЫ ҮЙЛЕР МӘСЕЛЕСІ – НАЗАРДА

***2009-2020 жылдар аралығында жүргізілген техникалық зерттеулер нәтижесінде Жезқазған қаласында көп пәтерлі 26 тұрғын үй апатты деп танылды. Оның ішінде 9 тұрғын үй күрделі жөндеуді қажет етсе, 17-і сүріп тастауды қажет етеді.***

Осы ретте Жезқазған қаласы әкімдігі 2020-2025 жылдар аралығында 6 жыл ішінде 148 апатты және ескі үйдің тұрғындарын көшіру бағдарламасын әзірледі. Бұл тізімге енген үйлер қаланың ескі бөлігінде, яғни Абай, Байқоңыров, Пугачев және т.б көшелерде орналасқан. Бағдарламаға сай тұрғындарға өтемақы беру үшін барлығы 6,4 млрд теңге қажет.

Ағымдағы 68 пәтері бар 9 үйдің тұрғындары көшіріліп жатыр. Оларға жылжымайтын мүлігі үшін нарықтық құны бойынша өтемақы төлеу қарастырылған. Қазіргі таңда 50 пәтердің иесі жалпы сомасы 227,1 миллион теңге өтемақы төлеу үшін құжат тапсырды.

Қаланың бас жоспары сәйкес алдағы жылдары көппәтерлі тұрғын үйлердің құрылысы жоспарланған. 2021 жылы Шевченко көшесіндегі № 9,13 үйлердің орнында жаңа тұрғын үйдің құрылысы басталады. Қала әкімдігі, «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ және құрылыс компания арасында ескі және апатты тұрғын үйлерді бұзу жөнінде ынтымақтастық туралы меморандумға қол қояды.

Мир даңғылы, 1 (Абай, 38) мекенжайындағы көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының өтініші бойынша үйге техникалық тексеру жүргізілді. Бұған дейін аталған үйдің тұрғындары қабырғада жарықтардың пайда болғаны туралы хабарлаған еді. Тұрғын үйді техникалық тексеруден өткізген аккредиттелген сараптама ұйымы үй конструкцияларын күшейту қажеттілігі туралы қорытынды берді. Бүгінде тұрғындар үшін еш қауіп жоқ.



Қазіргі таңда тұрғын үй конструкцияларын күшейтуге бағытталған жобаны әзірлеу мәселесі шешіліп жатыр.

**Алиса САҒЫМБАЕВА,**
**«Жезқазған қаласы тұрғын үй инспекциясы» ММ басшысы**

ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҒЫЛЫМЫ

*Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары беделді халықаралық сарапшылар Қазақстан этникалық және діни қақтығыстар салдарынан ыдырап кетуі мүмкін деген болжам жасағанын көпшілік ұмыта қойған жоқ. Бұл пессимистік болжамдарға қарамастан Елбасының дара басшылығымен қасиетті қазақ жерінде ұлтаралық қақтығыстар орын алмай, Қазақстан халқы біртұтас елге айналды. Түрлі этнос өкілдерін бір шаңырақтың астына жинап қана қоймай, олардың құтты мекеніне айналған еліміздің даму жолында бүгінде 25 жылдық тарихы бар, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың идеясынан туған Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі зор.*

# ТАТУЛЫҚТЫ ТУ ЕТКЕН



Тәуелсіздігін алған Қазақстан қоғамның алдында бірқатар маңызды мәселелер тұрды. Қазақ халқының болашағы сарапқа түскен сәтте Елбасы бар жауапкершілікті өзіне алып, полиэтносты қоғамды басқарудың оңтайлы мүмкіндіктерін іздестірді. Шетелдік тәжірибені және тарихи сабақ болатын жағдайларды есепке ала отырып, қазақстандық қоғамның жаңа болмысын үлгілеу жолдарын қарастырды. Жоғарыда аталған полиэтносты қоғамды басқару үлгілерінің ешқайсысы қазақстандық дамуға сәйкес келмейтіндігін бағамдап, ұлттық ерекшеліктерді басшылыққа алған өзіндік жол іздестірді.

1992 жылғы қоғамдық келісім мәселесін бірлесе талқылау дәстүрін қалыптастырған Қазақстан халықтарының форумында сөйлеген сөзінде Елбасы мынадай ұсыныс жасады: «Біз күнделікті әр адамның, әр халықтың және әр ұлттың даусын естиміз бе? Өкінішке орай, әрдайым олай емес. ...Біз жаңа қоғамдық институт – Қазақстан халықтарының келісімі және бірлігі Ассамблеясын құра аламыз. Ол жалпыхалықтық ұлтаралық келісімді бекіту міндетін шешетін саяси емес, үкіметтік емес ұйым болар еді». Нәтижесінде араға үш жыл салып, 1995 жылдың 1 наурызында этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің әлемде аналогы жоқ қазақстандық үлгісі Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды.

Елдегі барлық этномәдени бірлестіктер қарқынды даму жолына түскен Қазақстан халқы Ассамблеясының аясында ұлттық бірлікті нығайту жолында бірікті. Жыл сайын Ассамблея сессиясын өткізіп, қоғамдық келісім мәселесін билік пен азаматтық қоғамның бірлесе талқылау тәжірибесі дәстүрлі жалғасын тапты. Елбасының төрағалығымен өтетін сессияда этносаралық қатынастарды жетілдіру бойынша нақты мәселелер көтеріліп, нақты шешімдер қабылданып келеді. Соның нәтижесінде қазіргі таңда Ассамблея этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырушы маңызды құралға айналып, елімізде тұрмыс кешіп отырған барлық этностардың өзара тең құқықты қатынасын қамтамасыз етуші рөлге ие бірден-бір ұйым. Ширек ғасырлық тарихында аталған құрылым қоғамдағы тұрақтылықты сақтаушы құралға айналғанын уақыттың өзі дәлелдеп отыр.

Күні кеше ғана Тұңғыш Президент – Елбасы, Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев «Бір шақырақ астында – биік мақсаттарға» күн тәртібімен өткен Қазақстан халқы Ассамблеясы кеңесінің отырысында: « Халықтың үштен бірі – түрлі этнос өкілдері. Қазақстанның жетістіктеріне қосқан олардың үлесі баршаға аян және біз осы әлеуетті одан әрі арттыруға тиіспіз. Біз бірлік пен келісімнің қазақстандық моделінің интеграциялық әлеуетін тиімді әрі белсенді түрде жүзеге асыруымыз керек. Қазақстанның этностық және мәдени әралуандығын бәсекелік артықшылыққа және елді дамытудың, тәуелсіздікті нығайтудың тиімді тетігіне айналдыру жұмысын жалғастыру қажет. Татулық, келісім мен бірлік мемлекеттік саясаттың негізгі бағыты болып қала береді. Бұл – этносаралық қатынастар саласындағы мызғымас ұстаным және ол өзгермейді», – деп ұлттар бірлігін нығайтуға бағытталған басымдықтарды анықтап берді. Біздегі ендігі мақсат – елдегі бірлік пен қоғамдық келісімге сызат түсірмей, сақтап қалу.

Мемлекет басшысының сарабдал да салиқалы саясаты арқасында дүние жүзінде ешкімге ұқсамайтын, тек қана өз еліміздің ішкі ерекшеліктерінен туындайтын уақыт сынынан сүрінбей өткен саяси, әлеуметтік, экономикалық және ұлттық дамудың қазақстандық моделі қалыптасты. Бұл барша қазақстандықтардың абырой-беделін бұрын-соңды жетпеген биікке көтеріп, осы мемлекетке негіз болған ұлтымыздың дарқан мінезі мен парасатын күллі әлемге паш етті. Қазақ халқы өзінің ерекше қасиетінің арқасында елімізді мекендеген этностардың басын қосып, мемлекет құраушы ұлт, тәуелсіз ел бола алатынын көрсетті. Қазіргі таңда еліміздегі татулық пен ынтымақтың бірегей үлгісін жаһан жұртшылығы зерделеп, мойындады. Әрі «Қазақстандық жол» және «Назарбаев моделі» деп әділ бағасын да берді.

Бүгінгі күні халық дипломатиясының күретамырына айналған Қазақстан халқы Ассамблеясы – мемлекетіміздегі татулық пен ынтымақтың, бірлік пен келісімнің киелі ордасы. Бұл – Елбасымыздың ұлтаралық мәселелерді шешудегі көрегендігі мен даналығының көрінісі. Қазақстан халықтарының достықты ту етіп, бірлікті жыр еткен мызғымас татулығы мәңгілік жасай берсін!

**Диана ОРАЗАЛИНА**

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚСТАН

# ҚОҒАМ МЕН БИЛІК БІРЛІГІ – ДАМУ КЕПІЛІ



Біздің күшіміз – бірлікте. Тек, бірліктің арқасында ғана біртұтас, көпұлтты Қазақстан табысты дами алады. Бұл – аксиома. Ал, ел қуатын арттыру үшін алдымен адами капиталға көп көңіл бөлінуге тиісті. Елімізде соңғы кездері жастар мен әйелдердің рөлін арттыру үшін жасалып жатқан нақты қадамдар бізді қуантады. Дүниежүзінде етек алған індетке байланысты әлемнің көптеген елдерінде экономикалық дағдарыс белең алып отыр. Дүниенің бір бөлшегіндей біздің еліміз де қиын кезеңді бастан өткеруде. Тұтас әлемді шарпыған коронавирус пандемиясы мемлекет пен азаматтарды сынаққа алуда... Денсаулық сақтау жүйесінің осал тұсы сыр бергенде, халық мұқтаждарға көмек көрсетуге кірісті. Жыл басында құрылған еріктілер қозғалысы өз жұмысын жандандырды. Бұған дәлел болатын мысалдар өте көп. Соның бірі – көп балалы отбасыларына, мүгедек балалары бар отбасылары мен карантин уақытында қиын жағдайға тап болған мұқтаж жандарға мейілінше көмек көрсетілді. Ұлытау ауданының тұрғындарының Жезқазған, Сәтбаев қалаларындағы ауруханаларында емделіп жатқан науқас жандарға ауыл шаруашылығы өнімдерін, сонымен қатар дәрі-дәрмектер мен қажетті медициналық жабдықтар алып берді.

Осындай жағдайда жастар мен әйелдер әлеуметтік саланың барометріне айналған. Өйткені, көпбалалы аналар үшін өзекті мәселелердің бірі – ұлтаралық қоғамдастықты сақтай отырып, қазіргі қиын жағдайда өзара тартысты болдырмау.

Пандемия жағдайында Жезқазғанда немесе Қазақстан ғана емес, әлемде жұмыссыздық белең алды. Халықтың әлеуметтік тұрмысы ушығып, несие мен жоқшылықтың қамытын киген отбасылар көбейді.

Әрине, мемлекет тарапынан жас отбасылар мен көпбалалы отбасыларын қолдау мақсатында «Шаңырақ», «Бақытты отбасы» бағдарламалары жүзеге асырылуда. Сонымен бірге кәсібінен нәсібін іздегендерге 6 пайызбен аграрлық несие берілуі үлкен қолдауға ие. Көпбалалы отбасыларына жалпыға білім беру бағдарламасы арқылы тегін мектеп құралдары мен мектеп киімдерінің берілуі әжептәуір жеңілдік. Әр нәрсенің күнгейі мен көлеңкесі болатыны сияқты бұл бағытта әлі де болса жетілдіруді қажет ететін тұстар баршылық.

Бұл тұста мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың «естуші мемлекет» құру туралы бастамасына орай, биліктің де жұмыс стилінің өзгергенін айтпай кетуге болмас. Адамдармен шынайы сұхбаттаса отырып, жергілікті атқарушы билік өмірдің барлық салаларындағы туындап жатқан мәселелерге жедел ден қоя келіп, пайдасыз шараларды өткізбей, тұрғындармен байланысты күшейткен. Әлем тез дамып келеді. Әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдарында өмірдің барлық өзекті мәселелері айқын және жедел талқылануда.

Бүгінгідей өркениетті заманға сай, әлем бойынша азаматтық қоғамның үлгісі қалыптасып беки бастады. Бұл сала бойынша еліміздегі азаматтық қоғам институттарының қалыптасуында біраз өзгеріс белең алды. Парламент пен түрлі деңгейдегі мәслихаттарда көппартиялықты қалыптастыру – қоғам ілгерілеуінің басты белгісі. Бұл азаматтардың саяси, мәдени белсенділігін арттыруға тікелей әсер ететін жаңалық. Осы тұста, парламент пен түрлі деңгейдегі мәслихаттарға жастар мен әйелдерге 30 пайыздық квотаның белгіленуі құптарлық. Өйткені, дамыған елдердегі тәжірибе осындай болып келеді. Сөйтіп біз де Жезқазған өңірінің жастарына өз таңдауын жасатуға мүмкіндік берілді.

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, кедей мен бай арасындағы әлеуметтік алшақтық мемлекет үшін төнер қауіптің бірі. Олай болса, әлеуметтік қорғауды талап ететін топтарға ұсынылып отырған түрлі гранттар мен жеңілдікпен берілетін несиелер әлеуметтік әділетсіздікті жоюға талпыныс. Бұл да құптарлық қадам.

Осы тұрғыдан келгенде еліміздегі азаматтық қоғамның қалыптасуы, қоғам өмірінің шынайы демократиялануы бүгінгі күн үшін кезек күттірмейтін мәселе. Өйткені, кемелденген азаматтық қоғамда ғана жекелеген азаматтардың өзін-өзі таныту мүмкіндігі өседі.

**Мақпал ОРЫНБЕТОВА,**
**Қарағанды облыстық «Талбесік» ҚБ Жезқазған аймақтық өкілдігінің жетекшісі,**
**«Дидар» телеарнасының бас продюсері**

# «МЕМЛЕКЕТ БАР ЖАҒДАЙДЫ ЖАСАП ОТЫР»

*«Ел есінде бір жыл қалғың келсе – ас бер, он жыл қалғың келсе –ағаш отырғыз, ал мәңгі қалғың келсе – бала тәрбиеле». Осы қағиданы өмірлік ұстанымына айналдырған Нағима Тағыбергенова қаншама рет тәрбиешіліктен қол үздім дегеніммен жүрекпен байланған кәсіпті қиып кету әсте мүмкін емес екен дейді.*

*Ол басшылық ететін «Ер Төстік» балабақшасы еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың аймағымызға жасаған кезекті бір сапары қарсаңында жаңа кейіпке еніп, бүгінде ел игіліне қызмет етуде.*

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚСТАН





***– Нағима Қиынбайқызы, мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істеу оңай емес. Осы жолды таңдауыңызға не себеп болды?***

– Мен – Сыр елінің тумасымын. Мектепті бітірген соң Жезқазған педагогикалық институтына оқуға тапсырдым. Өкінішке орай, мұнда оқуға түсе алмадым. Сосын құжаттарымды бірден Жезқазған педагогикалық училищесіне апарып өткіздім. Бұл жерде мектепке дейінгі тәрбие ісі мамандығы бойынша білім алдым. Оқуымды бітірген соң жолдамамен № 32 «Балдырған» балабақшасына жұмысқа орналастым. Еңбек жолым сол қара шаңырақтан басталды. Міне, білім беру саласында жүргеніме қырық жылға таяу уақыт болыпты. Осы жылдар ішінде Жезқазған қаласы білім бөлімі мен қалалық білім қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымының Құрмет грамотасымен, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл толуына орай тағайындалған «Тәуелсіздікке қосқан үлесі үшін» мерекелік медалімен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Алғыс хатымен және тағы да сан түрлі марапаттарға ие болдым. Бұл – менің мамандыққа адалдығымның жемісі деп білемін.

Екі қыздың анасымын. Әр декреттік демалысқа аттанған сайын «болды, асықпай демаламын» деп аттанатынмын. Бірақ, бір жыл ішінде қайта жұмысқа шығып кететінмін. Себебі, мен бұл кәсіпті жаныммен сүйдім. Сүйікті ісімен айналыспаса отыра алмайтын адамдар болады ғой. Міне, мен – сондаймын. Жұмысқа шыққан уақытымда екі қызымды да көршілерім қарап берді. Мен сену, сенім арту деген асыл қасиеттерді осы көршілерімнен үйрендім. «Жақсы көрші туыстан артық» деген рас екен. Қазіргі адамдар өзгенің баласы түгілі өз жақындарынікін де қажет етпейді. Ал жастар балаларын біреуге сеніп қалдыру дегеннен мүлде бейхабар. Көрші десе, ат-тондарын ала қашып, кірпідей жиырыла қалады. Не де болса, адамдардың ниеті де, сенімі де бұрынғыдай еместігіне қарап, көңілім түсіп қалатыны рас.

***– Бүгінде қаламыздағы алдыңғы қатардағы «Ер Төстік» балабақшасында меңгерушісіз. Өзіңіз басшылық ететін бүлдіршіндердің негізгі білім мен тәрбие мекені жайлы кеңірек айта өтсеңіз.***

– Бұл жер алғашында «Болашақ» типтік балабақшасы ретінде құрылды. Кейіннен Президентік балабақша дәрежесін беру мақсатында қайта құрылымдаудан өткізілді. «Қазақмыс» корпорациясының қолдауымен тәрбиешілер армандаған барлық жағдай жасалды. «Ер Төстік» құрылар алдында корпорация басшылығы тәрбиешілерден балаларға қарайтын маман ретінде нені армандайтындарын, қандай жағдай жасалу керектігін егжей-тегжейлі нақтылап біліп алды. Соған сай, осындай еңселі ғимарат бой көтерді, іші заманауи үлгідегі технологиялармен жабдықталды. Бассейн салынды. «Ер Төстіктен» балаға қажетті барлық мүмкіндік қарастырылған.

Балабақшаның жалпы сыйымдылығы – 285 орын. Қазіргі таңда 246 бала тәрбиеленуде. 2008 жылдан бастап инклюзивті білім беретін топтар ашылды. Қазір 4 инклюзивті топ бар. Сау балаларға қараудың өзі оңай емес. Оның ішінде ерекше балаларға күтім көрсету, оларды тамақтандырып, жуындыру, денсаулықтарына қатаң қадағалау жасай отырып, білім беру, қоғамдық іс-шараларға араластыру тіптен қиын іс. Әр ерекше бала екі бала болып есептелінеді. Өз балаларынан бөлек, әрбір үйдің еркесі мен серкесінің бабын тауып, жолбасшылық еткен тәрбиешілермен, ұжымдастарыммен қай кезде де мақтанамын.

***– Қауіпті індет көп саланың қызметіне кедергі келтіргені мәлім. Соған байланысты бірнеше ай бойы балабақшалар жұмысына тыйым салынды. Бұл жұмысбасты, қарайтын адамдары жоқ ата-аналар үшін де, тәрбиешілер қауымына да, бастысы бала үшін де жеңіл болмады. Қазіргі жұмыс үдерісі қалай жүріп жатыр?***

– Балабақшада кезекші сыныптар жұмыс істеуде. Барлық санитарлық талаптар қатаң сақталынады. Ата-аналар балаларын кезекші қызметкерлерге есік алдында табыстайды. Кешке сол есік алдынан алып қайтады. Вирус тасымалын болдырмау мақсатында ата-аналарды ішке кіргізбейміз. Кезекшілер балаларды тәрбиешілерге жеткізеді. Яғни, ата-ана мен тәрбиеші арасында тікелей қарым-қатынас болмайды. Осылайша тәрбиешілер балаларды қабылдап алып, міндетті істеріне кіріседі. Бір топта екі тәрбиеші мен бір тәрбиешінің көмекшісі бар. Кезекші сыныптарға келмейтін балалар да ұмыт қалмады. Олардың білім бағдарламасынан қалып қоймаулары үшін тәрбиешілер ата-аналармен әлеуметтік желілер, онлайн платформалар арқылы хабарласып, арнайы әзірленген видеосабақтарды салып отырады.



Балабақшада 87 қызметкер бар. Олардың ішінде қазақ тілі, орыс тілі, бейнелеу өнері, еңбекке баулу, денешынықтыру, музыка, хореография, информатика, суда жүзу ісінің мұғалімдерімен қатар, білікті логопед, дефектолог, психологтар бар. Қызметкерлеріміз белгіленген уақыттарда сыйақы алып тұрады. Өткен жылдармен салыстырғанда қаржы үнемделуіне байланысты балабақша ұжымына бірнеше мәрте қаржылай қолдау көрсетілді. Мен өз тәрбиеленушілерімізді де, мамандарымызды да бәрінен жоғары қойып, олардың өмірлерінің жайлылығы үшін барымызды салуға тырысамын.

***– Алдағы жоспарларыңызбен бөлісе отырсаңыз.***

– Осы кезге дейінгі де, бұдан кейінгі де басты мақсатым – «Ер Төстік» балабақшасын одан әрі көркейтіп, өркендету. Ауламызда шағын бау-бақша бар. Осыған дейін балалар сол жерге өздері дән салып, картоп, сәбіз, қияр, қызанақ сынды көкөністер егетін. Шыққан өнімді тамаққа тұтынатын. Алдағы уақытта сол бақшаны кеңейтіп, экопарк жасағымыз келеді. Бұған қатысты жоба тиянақталу үстінде. Жауапты мекемелерден қолдау табарына сенім мол. «Тәлімгер» жобасы аясында педагогтердің білім және денсаулық сапасын арттыруға бағытталған нақты қадамдар әзірленуде. Ұлттық қолөнер сыныбы жасақталмақ. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында да әр түрлі шаралар ұйымдастырылып жатыр. Сондай-ақ, аймақ балабақшаларымен де әріптестік байланыс орнатылып, өзара пікір және тәжірибе алмасу жұмыстары жүйелі түрде жүруде.

***– Сұхбатыңызға рақмет. Ісіңізге сәттілік тілеймін!***

**Сұхбаттасқан**
**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# САУДА-САТТЫҚ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

***«Сарыкеңгір селолық округі Малшыбай селосы әкімінің аппараты» ММ 2020 жылғы «25» желтоқсанда Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша сағат 10:00-де www.gosreestr.kz мекенжайы бойынша Интернет желісінде орналасқан мемлекеттік мүлік тізілімнің веб-порталында қалалық коммуналдық мүлікті сату жөніндегі аукционды өткізу туралы хабарлайды.***

Қалалық коммуналдық меншік нысанының сатылуы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы №920 қаулысымен бекітілген жекешелендіру объектілерін сату қағидасымен (бұдан әрі – Қағида) сәйкес жасалады.

Нысаны аукцион және бағаны көтеру әдісі бойынша сауда-саттыққа шығарылады:

1) Lada 21214 маркалы көлік құралы, мемлекеттік нөмірі 253 АК09, шығарылған жылы – 2013 жыл.

**Мекенжайы:** Қарағанды облысы, Малшыбай селосы, Алаш көшесі, 2-үй

**Балансұстаушысы:** «Сарыкеңгір селолық округі Малшыбай селосы әкімінің аппараты» ММ

**Бастапқы бағасы:** 102 000,0 теңге.

**Аукционға қатысу үшін кепілдік жарнаның мөлшері** – 15 300,0 теңге.

Кепілдік жарна төлем қабылдаушы: «АҚПАРАТТЫҚ-ЕСЕПТЕУ ОРТАЛЫҒЫ» АҚ, БСН: 050540004455. Есептік шот (IBAN/ЖСК) «Қазақстан халық банкі» АҚ: KZ946017111000000330; БСК: HSBKKZKX; КНП: 171; Кбе: 16 мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператордың арнайы транзиттік шотына төленеді (кепілдік жарнаның көлеміне банктік қызметтерді төлеу кірмейді).

Кепілдік жарнаны қатысушы не қатысушының атынан кез келген жеке немесе заңды тұлға енгізеді.

Қатысушыларға кепілдік жарнаның кез келген санын енгізуге жол беріледі, бұл ретте бір кепілдік жарна қатысушыға ол бойынша сауда-саттыққа қатысу үшін осы кепілдік жарнаны енгізген жекешелендіру объектісін сатып алу құқығын береді.

Сауда-саттықта жеңген және сатып алу-сату шартын жасасқан қатысушының кепілдік жарнасы сатып алу-сату шарты бойынша тиесілі төлемдер есебіне жатқызылады.

**Сатушы мынадай жағдайларда:**

1) **жеңімпазға** – ол сауда-саттықтардың нәтижелері туралы хаттамаға не сатып алу-сату шартына қол қоймаған жағдайда;

2) **сатып алушыға** – сатып алу-сату шарты бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда кепілдік жарнаны қайтармайды.

Қалған барлық жағдайларда кепілдік жарналар қатысушы бірыңғай операторға өтініш берген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қайтарылады.

Кепілдік жарналар сауда-саттыққа қатысушы, жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлға кепілдік жарнаны қайтару туралы өтініште көрсететін деректемелерге қайтарылады.

Сауда-саттыққа қатысушыларды тіркеу хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және аукцион басталғанға дейін екі сағат бұрын аяқталады, содан соң қатысушылар берген өтінімдерін кері қайтара алмайды.

**Аукционға қатысу үшін мыналарды:**

1) жеке тұлғалар үшін: жеке сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – ЖСН), тегін, атын, әкесінің атын (бар болса);

2) заңды тұлғалар үшін: бизнес сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – БСН), толық атауын, бірінші басшының тегін, атын, әкесінің атын (бар болса);

3) кепілдік жарнаны қайтару үшін екінші деңгейдегі банктегі есеп айырысу шотының деректемелерін;

4) байланыс деректерін (почталық мекенжайы, телефоны, факс, e-mail) көрсете отырып, тізілімнің веб-порталында алдын ала тіркелу қажет.

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде қатысушы бір жұмыс күні ішінде тізілімнің веб-порталына енгізілген деректерді өзгертеді.

Аукционға қатысушы ретінде тіркелу үшін Қағидаға қосымшаға сәйкес нысан бойынша қатысушының ЭЦҚ қойылған сауда-саттыққа қатысуға өтінімді тізілімнің веб-порталында тіркеу қажет.

Аукционға қатысуға өтінім тіркелгеннен кейін тізілімнің веб-порталы үш минут ішінде өтінім берілген сату объектісі бойынша кепілді жарнаның түсуі туралы мәліметтердің тізілімнің дерекқорында болуы тұрғысынан автоматты түрде тексеру жүргізеді

Қатысушының Қағиданың 28 және 29-тармақтарында көрсетілген талаптарды сақтамауы, сондай-ақ бірыңғай оператордың арнайы транзиттік шотына сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген кепілді жарнаның сауда-саттық басталғанға дейін екі сағат бұрын түспеуі тізілім веб-порталының өтінімді қабылдаудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Тізілімнің дерекқорында бірыңғай оператордың арнайы транзиттік шотына кепілді жарнаның түскені туралы мәліметтер болған жағдайда, тізілімнің веб-порталы өтінімді қабылдау және қатысушыны аукционға жіберуді жүзеге асырады. Тізілімнің дерекқорында бірыңғай оператордың арнайы транзиттік шотына кепілді жарнаның түскені туралы мәлімет болмаған жағдайда, тізілім веб-порталы қатысушының өтінімін кері қайтарады.

Тізілімнің веб-порталы автоматты тексеру нәтижелері бойынша тізілімнің веб-порталында көрсетілген қатысушының электрондық мекенжайына өтінімді қабылдау не өтінімді қабылдаудан бас тарту себептері туралы электрондық хабарлама жібереді.

Тізілімнің веб-порталы аукционға қатысу үшін электрондық өтінімді кері қайтарған қатысушының аукцион нөмірін сауда-саттықты өткізу басталғанға дейін кемінде екі сағат бұрын жояды.

Аукционға қатысушылар аукцион басталғанға дейін бір сағат ішінде ЭЦҚ мен аукцион нөмірін пайдалана отырып, аукцион залына кіреді. Аукцион жекешелендіру объектісінің бастапқы құнын аукцион залында автоматты түрде орналастыру жолымен сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша басталады.

Егер бағаны көтеру аукционы аяқталатын сәтте сағат 17:00-де аукцион жеңімпазы айқындалмаса, онда жекешелендіру объектісін сатып алуға өзінің ниетін растаған соңғы қатысушы жеңімпаз деп танылады және осы жекешелендіру объектісі бойынша аукцион өткізілген болып танылады.

Егер аукцион басталған сәтте жекешелендіру объектісі бойынша аукцион залында екі қатысушыдан аз тіркелсе және болса (жекешелендіру объектісін жалғыз қатысушыға сатуға жол берілетін аукцион бойынша үшінші және келесі сауда-саттықтарды қоспағанда), осы жекешелендіру объектісі бойынша аукцион өткізілмеген болып танылады.

**Бағаны көтеру аукционы:**

1) егер аукцион залында аукцион басталған сәттен бастап жиырма минут ішінде қатысушылардың бірде-бірі осы Қағиданың 46-тармағына сәйкес белгіленген қадамға жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасын арттыру жолымен жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамайтын болса, онда осы жекешелендіру объектісі бойынша аукцион өткізілмеген болып танылады;

2) егер аукцион залында аукцион басталған сәттен бастап жиырма минут ішінде қатысушылардың бірі осы Қағиданың 46-тармағына сәйкес белгіленген қадамға жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасын арттыру жолымен жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растайтын болса, онда бастапқы баға белгіленген қадамға артады;

3) егер ағымдағы баға артқаннан кейін жиырма минут ішінде қатысушылардың бірде-бірі жекешелендіру объектісінің ағымдағы құнын арттыру жолымен жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамайтын болса, онда жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін соңғы растаған қатысушы жеңімпаз болып танылады, ал осы жекешелендіру объектісі бойынша аукцион өткізілген болып танылады.

Жекешелендіру объектісі бойынша бағаны көтеру аукционы қатысушылардың бірі ұсынған ең жоғары бағаға дейін жүргізіледі.

Жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасы бағаны арттырудың кемінде екі қадамына өскен жағдайда ғана жекешелендіру объектісі бойынша бағаны көтеру аукционы өткізілген болып танылады, бұл ретте бастапқы бағаның екі қадамға көтеруді кемінде екі қатысушы жүзеге асырады.

Қағиданың 44-тармағының екінші бөлігінде, 45-тармағында, 47-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген жағдайларда сатушы тізілімнің веб-порталында қалыптастыратын аукционның өткізілмегені туралы актіге қол қояды.

Әрбір сатылған жекешелендіру объектісі бойынша аукцион нәтижелері сауда-саттық нәтижелері туралы электрондық хаттамамен ресімделеді, оған сатушы және жеңімпаз ЭЦҚ пайдалана отырып, сауда-саттық өткізілген күні тізілімнің веб-порталында қол қояды.

Сауда-саттық нәтижелері туралы хаттама аукцион нәтижелерін және жеңімпаз бен сатушының жекешелендіру объектісін сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартына қол қою міндеттерін белгілейтін құжат болып табылады. Жеңімпазбен сатып алу-сату шартына аукцион өткізілген күннен бастап күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімде қол қойылады.

Аукционның жеңімпазы сатып алу-сату шартына қол қойған кезде сатушыға салыстырып тексеру үшін мынадай құжаттардың:

1) жеке тұлғалар үшін: паспорттың немесе жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың;

2) заңды тұлғалар үшін: заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің не анықтаманың; заңды тұлға өкілінің өкілеттіктерін куәландыратын құжаттың, сондай-ақ заңды тұлғаның өкілі паспортының немесе оның жеке басын куәландыратын құжаттың; мемлекетке тиесілі акцияларды сату кезінде – қатысушының акцияларына иелік ететін акционерлік қоғамдар туралы ақпаратты қамтитын акционерлер тізілімінен (хабарламаның жариялану сәтінде) үзінді-көшірменің түпнұсқаларын міндетті түрде көрсете отырып, олардың көшірмелерін не нотариат куәландырған көшірмелерін ұсынады.

Шетелдік заңды тұлғалар қазақ және/немесе орыс тілдерінде нотариат куәландырған аудармасы бар құрылтай құжаттарының нотариат растаған көшірмелерін ұсынады.

Құжаттардың түпнұсқалары салыстырылып тексерілгеннен кейін бір жұмыс сағаты ішінде қайтарылады.

Егер жеңімпаз аукцион нәтижелері туралы электрондық хаттамаға не сатып алу-сату шартына осы Қағиданың 49 және 50-тармақтарында көрсетілген мерзімдерде қол қоймаса, сатушы тізілім веб-порталында қалыптастыратын аукцион нәтижелерінің күшін жою туралы актіге қол қояды және осы жекешелендіру объектісі сауда-саттыққа тағы да шығарылады.

Аукционды өткізу туралы қосымша ақпаратты **www.gosreestr.kz** сайтында немесе «Сарыкеңгір селолық округі Малшыбай селосы әкімінің аппараты» ММ **Малшыбай селосы, Алаш көшесі 2 үй, 2-каб.** мекенжайы бойынша**, 8(71041) 2-05-70 телефоны** арқылы алуыңызға болады**.**

# ИЗВЕЩЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ ТОРГА

***ГУ «Аппарат акима села Малшыбай Сарыкенгирского сельского округа» извещает о проведении аукциона по продаже городского коммунального имущества, который состоится «25» декабря 2020 года в 10:00 часов по времени города Нур-Султан на веб-портале реестра государственного имущества, размещенного в сети Интернет по адресу: www.gosreestr.kz.***

Продажа объектов городского коммунального имущества осуществляется в соответствии с Правилами продажи объектов приватизации, утвержденными постановлением Правительства Республики Казахстан от 9 августа 2011 года №920 (далее - Правила).

На торги по форме – аукцион и методу – на повышение цены выставляются:

1) Транспортное средство марки Lada 21214, гос номер 253 АК09, 2013 года выпуска.

Адрес: Карагандинская область, село Малшыбай, ул Алаша, 2

**Балансодержатель:** ГУ «Аппарат акима села Малшыбай Сарыкенгирского сельского округа»

**Стартовая цена:** 102 000,0 тенге.

**Размер гарантийного взноса для участия в аукционе** – 15 300,0 тенге.

Гарантийный взнос вносится на специальный транзитный счет единого оператора в сфере учета государственного имущества:

Получатель платежа (рус.): АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «ИНФОРМАЦИОННО-УЧЕТНЫЙ ЦЕНТР»; БИН: 050540004455. Расчетный счет (IBAN/ИИК) в АО «Народный банк Казахстана»: KZ946017111000000330; БИК: HSBKKZKX; КНП: 171; Кбе: 16. (в размер гарантийного взноса не входит оплата банковских услуг).

Гарантийный взнос вносится участником либо от имени участника любым другим физическим или юридическим лицом.

Участникам допускается внесение любого количества гарантийных взносов, при этом один гарантийный взнос дает право покупки того объекта приватизации, для участия в торгах по которому участником внесен данный гарантийный взнос

Гарантийный взнос участника, победившего на торгах и заключившего договор купли-продажи, относится в счет причитающихся платежей по договору купли-продажи.

**Гарантийный взнос не возвращается продавцом:**

1) **победителю** – в случаях не подписания протокола о результатах торгов либо договора купли-продажи;

2) **покупателю** – в случае неисполнения или ненадлежащего исполнения обязательств по договору купли-продажи.

Во всех остальных случаях гарантийные взносы возвращаются в срок не позднее трех рабочих дней со дня подачи заявления единому оператору.

Гарантийные взносы возвращаются на реквизиты, указываемые участником торгов, физическим или негосударственным юридическим лицом в заявлении о возврате гарантийного взноса.

Регистрация участников торгов производится со дня публикации извещения и заканчивается за два часа до начала аукциона, по истечении которых участники не могут отозвать поданную заявку.

Для участия в аукционе необходимо предварительно зарегистрироваться на веб-портале реестра с указанием:

1) для физических лиц: индивидуального идентификационного номера (далее – ИИН), фамилии, имени и отчества (при наличии);

2) для юридических лиц: бизнес-идентификационного номера (далее – БИН), полного наименования, фамилии, имени и отчества (при наличии) первого руководителя;

3) реквизитов расчетного счета в банке второго уровня для возврата гарантийного взноса;

4) контактных данных (почтовый адрес, телефон, факс, e-mail).

При изменении вышеуказанных данных участник в течение одного рабочего дня изменяет данные, внесенные в веб-портал реестра.

Для регистрации в качестве участника аукциона необходимо на веб-портале реестра зарегистрировать заявку на участие в торгах по форме согласно приложению к Правилам, подписанную ЭЦП участника.

После регистрации заявки на участие в аукционе веб-порталом реестра в течение трех минут производится автоматическая проверка на наличие в базе данных реестра сведений о поступлении гарантийного взноса по объекту продажи, на который подана заявка.

Основаниями для отказа веб-порталом реестра в принятии заявки являются несоблюдение участником требований, указанных в пунктах 28 и 29 Правил, а также непоступление за два часа до начала торгов гарантийного взноса, указанного в извещении о проведении торгов, на специальный транзитный счет единого оператора.

В случае наличия в базе данных реестра сведений о поступлении гарантийного взноса на специальный транзитный счет единого оператора, веб-портал реестра осуществляет принятие заявки и допуск участников аукциона. При отсутствии в базе данных реестра сведений о поступлении гарантийного взноса на специальный транзитный счет единого оператора веб-портал реестра отклоняет заявку участника.

По результатам автоматической проверки веб-портал реестра направляет на электронный адрес участника, указанный на веб-портале реестра, электронное уведомление о принятии заявки либо причинах отказа в принятии заявки.

Веб-портал реестра аннулирует аукционный номер участника, отозвавшего электронную заявку для участия в аукционе не менее чем за два часа до начала проведения торгов.

Участнику, допущенному к аукциону, представляется доступ к аукционному залу по аукционному номеру, присваиваемому веб-порталом реестра.

Участники аукциона в течение одного часа до начала аукциона заходят в аукционный зал, используя ЭЦП и аукционный номер. Аукцион начинается в указанное в извещении о проведении торгов время города Нур-Султан путем автоматического размещения в аукционном зале стартовой цены объекта приватизации.

Если на момент завершения аукциона на повышение цены в 17:00 часов победитель аукциона не определен, то победителем признается участник, последний подтвердивший свое желание приобрести объект приватизации, и аукцион по данному объекту приватизации признается состоявшимся.

В случае, если на момент начала аукциона в аукционном зале по объекту приватизации зарегистрировались и находятся менее двух участников аукциона, то аукцион по данному объекту приватизации признается не состоявшимся (за исключением третьего аукциона, на котором допускается продажа объекта приватизации единственному участнику).

**Аукцион на повышение цены:**

1) если в течение двадцати минут с начала аукциона в аукционном зале ни один из участников не подтвердил свое желание приобрести объект приватизации путем увеличения стартовой цены объекта приватизации на шаг, установленный согласно пункту 46 Правил, то аукцион по данному объекту приватизации признается не состоявшимся;

2) если в течение двадцати минут с начала аукциона в аукционном зале один из участников подтвердит свое желание приобрести объект приватизации путем увеличения стартовой цены объекта приватизации на шаг, установленный согласно пункту 46 Правил, то стартовая цена увеличивается на установленный шаг;

3) если в течение двадцати минут после увеличения текущей цены ни один из участников не подтвердит свое желание приобрести объект приватизации путем увеличения текущей цены, то победителем признается участник, последний подтвердивший свое желание приобрести объект приватизации, а аукцион по данному объекту приватизации признается состоявшимся.

Аукцион по объекту приватизации на повышение цены идет до максимально предложенной цены одним из участников.

Аукцион по объекту приватизации на повышение цены считается состоявшимся только в том случае, если стартовая цена объекта приватизации повысилась не менее чем на два шага увеличения цены, при этом повышение стартовой цены на два шага осуществляют не менее двух участников.

В случаях, указанных в части второй пункта 44, в пункте 45, подпункте 1) пункта 47 Правил, продавцом подписывается акт о несостоявшемся аукционе, формируемый веб-порталом реестра.

Результаты аукциона по каждому проданному объекту приватизации оформляются протоколом о результатах торгов, который подписывается на веб-портале реестра продавцом и победителем с использованием ЭЦП в день проведения торгов.

Протокол о результатах торгов является документом, фиксирующим результаты аукциона и обязательства победителя и продавца подписать договор купли-продажи объекта приватизации по цене продажи. Договор купли-продажи с победителем подписывается в срок не более десяти календарных дней со дня проведения аукциона.

Победитель аукциона представляет продавцу при подписании договора купли-продажи копии следующих документов, с обязательным предъявлением оригиналов для сверки либо нотариально засвидетельствованные копии указанных документов:

1) **для физических лиц:** паспорта или документа, удостоверяющего личность физического лица;

2) **для юридических лиц:** свидетельства либо справки о государственной регистрации (перерегистрации) юридического лица; документа, удостоверяющего полномочия представителя юридического лица, а также паспорта или документа, удостоверяющего личность представителя юридического лица; при продаже принадлежащих государству акций – выписки из реестра акционеров, содержащей информацию об акционерных обществах, которые владеют акциями участника (на момент опубликования извещения).

Иностранные юридические лица представляют нотариально заверенные копии учредительных документов с нотариально заверенным переводом на казахский и/или русский языки.

Оригиналы документов после сверки возвращаются в течение одного рабочего часа.

В случае неподписания победителем протокола о результатах торгов либо договора купли-продажи в сроки, указанные в пунктах 49 и 50 Правил, продавцом подписывается акт об отмене результатов аукциона, формируемый веб-порталом реестра, и данный объект приватизации вновь выставляется на торги.

Дополнительную информацию о проведении аукциона можно получить на сайте **www.gosreestr.kz** или в ГУ «Аппарат акима села Малшыбай Сарыкенгирского сельского округа» по адресу: **Карагандинская область, с.Малшыбай, ул.Алаша, 2, каб.2, телефон: 8(71041) 2-05-70.**



### Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ:

# «ИХСАН ІЛІМІ ІЗГІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕЙДІ»



## «ИХСАН» ІЛІМІ ХАЛҚЫМЫЗҒА ЖАТ ЕМЕС

***– Жуырда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қабылдауында болдыңыз. Кездесуде елімізде «Ихсан» ілімін насихаттау туралы бастама көтердіңіз. «Ихсан» ілімі дегеніміз не? Тарқатып айтып берсеңіз?***

– «Ихсан» – бағзы заманнан мұсылмандық жолды ұстанған қазақ халқының діни түсінігіне етене жақын ілім. Осы ілімді қалыптастыруға Түркістан діни мектебінің негізін салушы Қожа Ахмет Ясауи бабамыз және оның ізбасарлары ерекше еңбек сіңірді. Ортағасырлық тарихи деректерге сүйенсек, Қожа Ахмет Ясауидің қолөнермен шұғылданған сопы екенін, дүние ісіне көп мән бермейтін тақуа адам болғанын байқаймыз.

Қожа Ахмет Ясауидің Түркістандағы жергілікті халықтың 20 жыл бойы зорлық-зомбылығына сабыр етіп, баласы Ибрахимді қастандықпен өлтірген адамға мінген атын беріп, қызын үйлендіруі оның аса төзімді, дегдар жан екенін көрсетеді. Ғұлама бабамыз бейбіт ұстанымының арқасында ескі түркілік дәстүрлер мен Исламды қабыстыра білді. Осы арқылы ол діни һәм мәдени қақтығыстардың арасынан жол таба алды.

«Ихсан» сөзі шынайылық деген мағынаны білдіреді. «Ихсан» дегеніміз – Алланы көріп тұрғандай қорқынышпен, шынайылықпен, жауапкершілікпен құлшылық ету. «Ихсан» ілімі мұсылман баласын әр істе, әр құлшылықта шынайы болуға тәрбиелейді. Асылында, Алла Тағала барша адамның әр ісін, сөзін, ниетін, тіпті көкейдегі ойын да біледі. Шынайылық болмаған амалда береке болмайды.

Бірде ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сахабаларымен сұхбаттасып отырғанда бір кісі келіп: «Иман дегеніміз не?» деп сұрайды. Сонда Алла елшісі: ***«Иман дегеніміз – Аллаға, Оның періштелеріне, пайғамбарларына, Алламен кездесуге, қайтыс болғаннан кейін қайта тірілуге сену»*** деп жауап береді. Сонда әлгі кісі: «Ислам дегеніміз не?» деп сұрайды. Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): ***«Ислам дегеніміз – Аллаға құлшылық ету, Оған ешнәрсені серік қоспау, намаз оқу, парыз болған зекетті беру, рамазан айында ораза ұстау және қажылық жасау»*** деп жауап береді. Сұрақ қоюшы: «Ихсан дегеніміз не?» деп сұрағанда әз Пайғамбар: ***«Сені көріп тұрғандай Аллаға құлшылық етуің. Сен Оны көрмесең де Ол сені көріп тұрады»*** дейді.

Біз осы хадистен «ихсан» ілімінің негізгі мәні Алланы көріп тұрғандай құлшылық ету екенін түсінеміз. Біз Алланы көрмесек те Ол бізді көріп тұрғандай сеніммен құлшылық жасауымыз керек. «Ихсан» ілімі адамды тақуалыққа тәрбиелейді.

## «ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖАСАСАҢ – ҚАЙЫРЫН ӨЗІҢ КӨРЕСІҢ»

***– Діни басқарманың 30 жылдық мерейтойына орай «30 игі іс» жобасы қолға алынғаны жайлы ақпарат оқығаным бар еді. Осы жоба аясында нақты қандай іс-шаралар атқарылды?***

– Өздеріңізге белгілі, биыл Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының құрылғанына 30 жыл толды. Ширек ғасырдан астам мерзімде елімізде 2714 мешіт ашылды. Діни саладағы қызметкер саны 4 мыңнан асты. 9 медресе-колледж бен 6 қарилар даярлау орталығы ашылды. «Нұр Мүбәрак» университеті мен Ислам институтының жемісті еңбегінің арқасында маман тапшылығы толық шешілді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қамқорлығымен облыс орталықтарында зәулім мешіттер бой көтерді. Аллаға шүкір, тәуелсіздігіміздің арқасында діни салада да көптеген жетістіктерге жеттік. Діни басқарма өзінің 30 жылдық белесінде Қазақстан мұсылмандарының қара шаңырағына, рухани ордасына айналды.

Ислам тек құлшылықтың діні емес. Ислам – мейірімділік пен қайырымдылықтың діні. Ораза айт, Құрбан айт, Мәуліт сынды мұсылман мерекелері адам баласын қанағат пен қайырымдылыққа, мейірімділік пен шүкірлікке тәрбиелейді. Біз осынау игі дәстүрмен 30 жылдық мереке аясында жомарт жандардың демеушілігімен 30 елді мекенге көпір салдық. 40 құдық ел игілігіне берілді. Оқуда озат болған, көмекке зәру отбасыдан шыққан 30 шәкіртке мүфтият грантын табыстадық. Республика көлемінде «30 жылдық мерейтойға 30 мың көшет отырғызу» атты игі шараны қолға алдық. Осы бастаманың арқасында 1 170 712 түп түрлі көшеттер отырғызылды. Оған 301 566 адам қатысты.

Республика бойынша ең ауқымды «Ел үлесі пәтерге» атты жоба аясында бүгінгі таңда 329 баспананың кілтін табыстадық.

Өздеріңіз жақсы білесіздер, біз пандемия кезінде көптеген қайырымдылық шараларды жүзеге асырдық. Сындарлы сәтте қайырымдылық жұмыстарды жандандыру мақсатында «Өмірге үміт сыйла» акциясын өткіздік. Акция аясында демеуші азаматтардың көмегімен 18 дана өкпені жасанды тыныстандыру аппараттарын, 891 оттегі құрылғыларын, 20 обаға қарсы киімді, 255 монометр, 528 пульсометр, 60 термометр, 136 701 бетперде және 32 млн теңгені құрайтын дәрі-дәрмекті тиісті орындарға жеткіздік.

Күрделі кезеңде мұқтаж жандарға қол ұшын беру ниетімен www.qurban2020.kz жобасын іске қостық. Жұмыс тобы күшейтілген режимде қызмет етіп, 81 301 мұқтаж отбасыға құрбандық етін таратып бердік. Бұдан бөлек, қарттар, жетімдер, балалар үйі мен ауруханаларға да құрбандық еті жеткізілді.

Мұсылман баласы сауап істі шын ниетпен, жүрек қалауымен жасайды. Өзіңіз жақсы білесіз, пандемия кезінде мешіт қызметіне шектеу қойылды. Имамдарды ақысыз демалысқа жіберуге мәжбүр болдық. Алайда, бұған қарамастан, карантин кезінде қайырымдылық іс-шараларды жоғары деңгейде ұйымдастыруға ұйытқы болған дін қызметкерлерінің ыждағатты еңбегі ерлікке бергісіз деп атар едім.

Халқымыз: «Қайырымдылық жасасаң – қайырын өзің көресің» дейді. Талай жанның көңіліне медеу, жүрегіне қуаныш сыйлаған осынау сауапты іске үлес қосқан барша азаматқа Алланың амандығы мен берекетін тілеймін.

## ДЕНСАУЛЫҚ – АЛЛАНЫҢ БЕРГЕН АМАНАТЫ

***– Күллі адамзатты бір тарының қауызына «сыйдырған» індет кезінде ҚМДБ қоғамға қолдан келген көмекті жасады. Оны өзіңіз де жан-жақты айтып өттіңіз. Алайда адамзатты індеттен құтқарудың жолы көмек беруден ғана тұрмайтындай көрінеді. Бұл тұрғыда біз дәл қазір не істеуіміз керек?***

– Әрине, сөзіңіздің жаны бар. Алайда көмек беру – көңілге медеу болу. Жабырқаған жанның жүрегіне аз да болса қуаныш сыйлау – үлкен сауапты іс.

Сұрағыңызға оралсам, менің ойымша, біз індет кезінде ең алдымен өзіміз сақтанып, қорғануымыз қажет. Бүкіл әлемге қауіп төндірген дертке немқұрайлы қарау – өзіміз үшін ғана емес, айналамыздағы жандардың өміріне де әсерін тигізері хақ. Денсаулық – Алланың берген аманаты. Оны сақтау – мұсылманның міндеті. Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір хадисінде: «***Адам екі нәрсенің қадірін білмейді. Ол – бос уақыт пен денсаулық»*** деген. Расында, денсаулық пен уақыт – адам өміріндегі ең қажетті ұлы нығмет. Осы нығмет пен аманатқа қиянат жасаған адамның әрекеті – өзінің өміріне қиянат жасағанмен тең. Әуелі өзіміздің, содан кейін өзгелердің өміріне қиянат жасап қоймайық. Бұл мәселеде адам өзіне әділетті болуы тиіс.

Елімізде төтенше жағдай жарияланған сәтте біз жамағатқа үндеу жариялап, діни рәсімдер кезінде карантин талаптарын қатаң сақтауға шақырдық. Имамдарға жаназа намазын ұзағымен 5 минут ішінде өткізуге, мәйітті жерлеп болғаннан кейін, халықты көп ұстамай, лезде қайтаруға пәрмен бердік. Әрине, бәріміз топырақты өлімде төбе көрсеткіміз келеді. Бірақ қазір сезімге берілмей, ақылға салып шешім қабылдайтын заман. Осыны жамағат түсінуі тиіс. Алла Тағала: «Өздеріңді өз қолдарыңмен қауіп-қатерге салмаңдар» деп ескерткен («Бақара» сүресі, 195-аят). Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Өзгеге және өзіне зиян тигізуге болмайды» деген. Жиындар мен құдайы астарға барудан бұрын, өзіміздің, отбасымыздың, туған-туысымыздың өмірі мен болашағын бір сәт ойласақ. Жұқпалы ауру жайлаған сәтте одан сақтану – баршаға міндет.

Жұқпалы індет тараған кезде діни рәсімдерге шектеу қою – дініміз бен өткен тарихымызда бар ұстаным. Алла елшісі: «***Бір жерде оба ауруы шыққанын естісеңдер, ол жерге бармаңдар. Егер бір жерде оба дерті шығып, сендер сол жерде болсаңдар, аурудан қашу үшін басқа жерге шықпаңдар. Обадан қашқан адам соғыстан қашқан адамдай күнәға батады. Ал сабыр етіп, оба шыққан жерден кетпей ажал тапқан адамға шейіт сауабы жазылады»*** деген. Біз бұл хадистен жұқпалы ауру пайда болған кезде ешқайда шықпай, үйде отырудың маңызды амал екенін түсінеміз.

Бергі тарихымыздан белгілі, Абай Құнанбайұлы Семейге келген бір сапарында шаһарда жұқпалы індеттің тарап жатқаны жайында жайсыз хабар естиді. Бірінші кезекте, Абай халыққа жаназа рәсімдерін өткізуге қатысты бірқатар өзгеріс жасауды түсіндіру керегін ұқты. Міне, осы тұста ол өзі білетін Сармолла есімді молданы шақырып, оған халық жұқпалы аурудан сақтану үшін жаназа, хатым, астарды аз адаммен өткізуді жұртқа түсіндіру керегін жеткізеді. Сармолла: «Қаза болған адам үйіне, жаназаға халық аз жиналсын. Мәйіт шыққан үйге көп адам келмесін. Ол үйде ас ішу, халыққа тағам тарату, жетісін, қырқын жасау уақытша тоқталсын!» деген сөзін жеткізеді.

Біз осы бағытта пәтуаларымызды шығарып, оны халыққа жан-жақты жеткізіп жатырмыз. Пәтуаға бойсұну – мұсылманның міндеті. Халықты тағы да пәтуаға бойсұнып, санитарлық талаптарды қатаң сақтауға шақырамыз.

## «ДОСТЫҚ, ҚАСТЫҚ, БАР ҚЫЗЫҚ – ЖҮРЕК ІСІ»

***– Адамзат кез болып отырған мәселенің тағы бірі – діни қақтығыстар. Діни құндылықтар келемежге айналған кезеңде мұсылман баласы қандай ұстанымда қалуы қажет?***

– Адам баласы алмағайып заманда бір-бірімен бірлік пен бейбітшілікте өмір сүрмесе, кез келген елде прогресс болмайтынын өмірдің өзі дәлелдеумен келеді. Бұл жағдайда әр адамның қоғам алдындағы моральдық жауапкершілігін айрықша атап өткім келеді. Бір ізгі ғұламаның: «Жүрек – теңіз, ал тіл – оның жағасы, теңіздегі түрлі нәрсе бір күні жағаға қалқып шығады» деген сөзінде терең мән жатыр. Хакім Абайдың: «Достық, қастық, бар қызық – жүрек ісі, Ар, ұяттың бір ақыл – күзетшісі» деген жырында да жүрек мәселесі тереңнен өрбиді.

Бір адамның жүрек түбіндегі жақсы яки теріс ойы күндердің күнінде сыртқа шығып, бір қауымға шарапатын немесе зарарын тигізері хақ. Пенденің қастықпен жасаған бір ғана амалы әлемдік аренада қате саясат пен жалған ұстанымдар мен ұрандардың пайда болуына әкеп соғуда. Бұл оқиғаның соңы жекелеген азаматтар арасындағы алауыздыққа, ұлтаралық, дінаралық қақтығысқа, тіпті мемлекетаралық келіспеушілік әрекеттерге түрткі болуда. Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедті (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) келемеждеген адамның карикатурасы халықаралық деңгейдегі келіспеушілікке себеп болғанын жақсы білесіздер. Менің ойымша, олар өздерінің сенімдері мен өмірлік ұстанымдарын келемеждеді.

Осы ретте бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің ақпарат алаңындағы адамгершілік жауапкершілігі жайлы баса айтқым келеді. Қасиетті Құранның «Хужурат» сүресіндегі «Сендерге біреу хабар әкелсе, оны анықтап алыңдар, әйтпесе істің анығын білмей, бір елге залал жеткізіп, ертеңгі күні істегендеріңе өкініп қаласыңдар» деген аят әр азаматтың, әр БАҚ өкілінің өмірлік және қызметтік ұстанымы болуы тиіс деп санаймыз.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Әлемдік және дәстүрлі дін лидерлері съезінде көкейде жүрген мәселені көтеріп: «Бұқаралық ақпарат құралдары басқа діндегі азаматтардың қасиетті сезімдерін қорлауды ушықтыра түссе, журналистер күндердің күнінде өз наным-сенімдерінің қорлануымен бетпе-бет келеді. Біреу үшін қасиетті нәрсе басқа біреу үшін әзіл немесе келемеж тақырыбы болмауы керек. Өкінішке қарай, осындай қарапайым қағиданы журналистер мен саясаткерлер жиі бұзады» деген еді.

Көрнекті ақынымыз Сұлтанмахмұт Торайғыров: «Жақсылық көрсем өзімнен, жамандық көрсем өзімнен» деп жырлаған. Демек, адам баласы жақсылық пен жамандықты өз ниетінен табады. Біз барлық нәрсені Көруші, Естуші және кез келген істің соңғы нәтижесін Білуші Әділетті Аллаға тапсырамыз және бұзық ниетті адамның өзі жасаған амалын өзінің ары мен ұятына қалдырамыз. Мұсылман баласы осындай ұстанымда қалуы қажет деп есептеймін. Сіз бен біз, ең бастысы, теріс пиғылды жандардың арандатушылық әрекетінің ықпалында қалып қоймауымыз керек.

## ҚАУЫМ ӨЗІН ӨЗГЕРТПЕЙІНШЕ...

***– Қазір қоғамда дін ұстанған жамағатқа деген көзқарас ала-құла. Бұған қатысты көзқарасты түзеу үшін не істемек керек? Ата Заңымызда зайырлы мемлекет екенімізді көрсеткенімізбен, баба жолына қарасақ, діннен іргемізді бәріміз бөле алмаймыз. Ендеше, дін мен бүгінгі заманғы өмір салтын бөле-жара қарастырмау секілді жайттарға қатысты ұстаным қалай болуы керек еді?***

– Біз көпұлтты, көпконфессиялы қоғамда өмір сүреміз. Ондай қоғамда ұстанымдар мен діни көзқарастар әртүрлі болатыны заңдылық. Көзі ашық адам ондай тенденцияны дұрыс қабылдайды, оған құрметпен қарайды. Ата Заңымызда: «Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» деп жазылған. Демек, біреуді діни көзқарасы, киімі, сырт келбеті, т.б. жағдаяттар үшін кемсіту – заңға да, адамгершілікке де жат нәрсе.

Біз көп жағдайда жақсы нәрсені өзгеден күтеміз. Ал өзімізге келгенде өзгеге әділетсіздік жасаймыз. Адам өзгеруді өзінен бастау керек. Алла Тағала қасиетті Құран Кәрімнің «Рағыд» сүресінің 11-аятында: «Қайбір қауым өзін-өзі өзгертпейінше, Алла оны өзгертпейді» деген. Демек, адам баласы өзі өзгермейінше, Алла оны өзгертпейді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа жолдаған Жолдауында: «Адамды және қоғамды уақыт талабына сай жетілдіру қажеттігін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Баршамыз өз-өзімізді дамытуға күш салуымыз керек. Замана сынағы бізден үздіксіз қозғалысты, мықты күш-жігерді және табанды еңбекті талап етіп отыр» деген болатын.

Түйіндеп айтқанда, қай саланың қызметкері болсақ та өзгеруді өзімізден бастауымыз керек. Өйткені, жұмыртқа сырттан жарылса, іштегі өмірге үлкен қауіп төнеді. Ал іштен жарылса, сыртта жаңа өмір басталады. Айтайын дегенім, өмірде болып жататын үлкен өзгерістер ең әуелі іштен басталады. Адам баласы жаңа өмір бастауды қаласа, ең әуелі өзін, іштегі ниетін өзгертуден бастауы тиіс.

## ЖҮРЕК ДЕРТІ...

***– Еліміздің рухани-қоғамдық тыныс-тіршілігіне қатысты жайттар сіздерді алаңдатады ғой. Осы күнгі қоғамның тамырын басқандай ең әуелі қандай дертті байқайсыз?***

– Осы ретте мына бір оқиға есіме түсіп отыр. Ғұлама Асмағи бұл оқиғаны былай баяндайды: «Бірде сахарада жасы жүз жиырмаға келген, жүрісі тың бір ақсақалды көрдім. Үлкен жасқа келгені бір бөлек, жүрісіндегі ширақтығы мені таңқалдырды. Таңданысымды жасыра алмай, оның сырын сұрадым. Сонда ол: «Іштарлықтан арылып едім. Соның сыйы ретінде Құдайдың маған бергені ғой» деп жауап қатты».

Кейде біреудің басындағы бағы мен астындағы тағын көре алмай жатамыз. Бұл – Алланың жазған тағдырымен келісе алмау деген сөз. Ал Алланың тағдырын «талқылау» күпірлікке жол ашады. Ал күпірлік жасаған адам діннен шығып кетеді. Алла сақтасын! Көреалмаушылық күпірлікке жол ашады.

Алла Тағала Пайғамбарымыз Мұхаммедке (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) «Әл-Фәләқ» сүресінде адамдардың қызғаныштан жасайтын әрекеттерінен сақтану үшін арнайы дұға оқуды үйретіп: «(Уа, Мұхаммед!) Жер бетін түгелдей жапқан қара түнектің зардаптарынан (жауыздықтан) және соның салдарынан туындаған (қатерлерден) түйіншектерді үрлеп, сиқыр жасайтын (әйелдердің) қастандығынан, күншіл пенделердің көре алмай, қызғанғаннан жасайтын зияндарынан сақтай гөр деп, нұрланып атқан таңды жаратқан Раббымнан пана тілеймін» деп айтқын» деген.

Көреалмау – қылмыс пен бүліктің бастауы. Бұл – жүрек дерті. Осы дерт әр адамның бойынан табылады. Егер іштарлық дерті «асқынып» кетсе, үлкен қылмыстық істерге есік ашады. Алла одан сақтасын. Көреалмаушылық дертіне шипа болатын «ем» – қанағат. Шүкір мен қанағатты, кешірім мен сабырды өмірінің тұғырына айналдыра білген адам жамандық атаулыдан аман қалады. Біздің қоғам осындай дерттен аман болса деп тілеймін.

## «МЕН ОЛАРҒА ӨТЕ ЖАҚЫНМЫН...»

***– Өзіңіз жақсы білесіз, елімізге келген сынақтан көп адамдар қиналып қалды. Сынаққа сынып кетпеу үшін не істеу керек? Қандай амал жасаған абзал?***

– Бұл сынақтың соңғы нәтижесі – Алланың құзырында. Сынақ немен бітерін біз білмейміз, Алла біледі. Бір білетініміз – Алла құлдарын жақсы көреді. Сондықтан біз Хақ Тағала туралы дұрыс ойда болуымыз керек. Пайғамбарымыз Алла туралы дұрыс ойда болмай, өмірден өтіп кетпеуді өсиет еткен. Сондықтан болашақтан күдер үзбей, сабырлы қалпымыздан танбай, дұға етейік.

Раббымыз қасиетті Құранда: «Егер пенделерім сенен Мен туралы сұраса (оларға айтып қой): Мен оларға өте жақынмын, тілек тілеушінің дұғасына жауап беремін. Ендеше, олар да әміріімді қабыл етсін және Маған сенсін. Бәлкім тура жол табар» («Бақара» сүресі, 186-аят); «Маған дұға етіңдер, сендерге жауап беремін» («Ғафир» сүресі, 60-аят) деп уәде еткен.

Біз сан ғасырлық тарихымызда талай сындарлы сәттер мен сынақтарды, зобалаң замандар мен нәубеттерді бастан кешкен елміз. Сын сағаттарда бір-бірімізге қамқорлық көрсетіп, иманымыз бен бауырмалдығымыздың арқасында аман қалған рухы биік жоралы жұртпыз. Сынақ сәтінде де осы қалпымыздан танбай, үмітсіздікке бой алдырмай, алға жылжуымыз керек. Алла Тағала елімізге, жерімізге жар болып, жақсылығын жаудырғай. Әмин!

**Сұхбаттасқан**
**Қарагөз СІМӘДІЛ**

*«Ana tili» газеті*

## ЖЕЛТОҚСАН АЙЫНЫҢ НАМАЗ КЕСТЕСІ

***Жезқазған қаласының уақыты бойынша***

| Желтоқсан | Күні | Таң | Күн | Бесін | Екінті | Шам | Құптан |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Сейсенбі | 07:24 | 08:54 | 13:21 | 15:58 | 17:42 | 19:12 |
| **2** | Сәрсенбі | 07:25 | 08:55 | 13:22 | 15:57 | 17:42 | 19:12 |
| 3 | Бейсенбі | 07:26 | 08:57 | 13:22 | 15:57 | 17:41 | 19:11 |
| **4** | **Жұма** | **07:27** | **08:58** | **13:23** | **15:56** | **17:41** | **19:11** |
| 5 | Сенбі | 07:28 | 08:59 | 13:23 | 15:56 | 17:41 | 19:11 |
| 6 | Жексенбі | 07:29 | 09:00 | 13:23 | 15:56 | 17:40 | 19:11 |
| 7 | Дүйсенбі | 07:30 | 09:01 | 13:24 | 15:56 | 17:40 | 19:11 |
| 8 | Сейсенбі | 07:31 | 09:02 | 13:24 | 15:56 | 17:40 | 19:11 |
| 9 | Сәрсенбі | 07:32 | 09:03 | 13:25 | 15:55 | 17:40 | 19:11 |
| 10 | Бейсенбі | 07:33 | 09:04 | 13:25 | 15:55 | 17:40 | 19:11 |
| **11** | **Жұма** | **07:34** | **09:05** | **13:26** | **15:55** | **17:40** | **19:11** |
| 12 | Сенбі | 07:35 | 09:06 | 13:26 | 15:55 | 17:40 | 19:11 |
| 13 | Жексенбі | 07:35 | 09:07 | 13:27 | 15:56 | 17:40 | 19:11 |
| 14 | Дүйсенбі | 07:36 | 09:08 | 13:27 | 15:56 | 17:40 | 19:12 |
| 15 | Сейсенбі | 07:37 | 09:08 | 13:27 | 15:56 | 17:40 | 19:12 |
| 16 | Сәрсенбі | 07:38 | 09:09 | 13:28 | 15:56 | 17:41 | 19:12 |
| 17 | Бейсенбі | 07:38 | 09:10 | 13:28 | 15:56 | 17:41 | 19:13 |
| **18** | **Жұма** | **07:39** | **09:11** | **13:29** | **15:57** | **17:41** | **19:13** |
| 19 | Сенбі | 07:39 | 09:11 | 13:29 | 15:57 | 17:42 | 19:13 |
| 20 | Жексенбі | 07:40 | 09:12 | 13:30 | 15:58 | 17:42 | 19:14 |
| 21 | Дүйсенбі | 07:41 | 09:12 | 13:30 | 15:58 | 17:42 | 19:14 |
| 22 | Сейсенбі | 07:41 | 09:13 | 13:31 | 15:59 | 17:43 | 19:15 |
| 23 | Сәрсенбі | 07:42 | 09:13 | 13:31 | 15:59 | 17:44 | 19:15 |
| 24 | Бейсенбі | 07:42 | 09:14 | 13:32 | 16:00 | 17:44 | 19:16 |
| **25** | **Жұма** | **07:42** | **09:14** | **13:32** | **16:00** | **17:45** | **19:17** |
| 26 | Сенбі | 07:43 | 09:14 | 13:33 | 16:01 | 17:46 | 19:17 |
| 27 | Жексенбі | 07:43 | 09:15 | 13:33 | 16:02 | 17:46 | 19:18 |
| 28 | Дүйсенбі | 07:43 | 09:15 | 13:34 | 16:03 | 17:47 | 19:19 |
| 29 | Сейсенбі | 07:43 | 09:15 | 13:34 | 16:03 | 17:48 | 19:19 |
| 30 | Сәрсенбі | 07:44 | 09:15 | 13:35 | 16:04 | 17:49 | 19:20 |
| 31 | Бейсенбі | 07:44 | 09:15 | 13:35 | 16:05 | 17:50 | 19:21 |

***Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіт.***

СҰРАҚ-ЖАУАП

## НАРДА ОЙНАУ ХАРАМ БА?



Қазіргі кезде күнұзақ ойнап, уақыттарын өткізетін ойындардың бірі – нарда ойыны. Ғұламалар бұл туралы әртүрлі пікірлер білдірген.

Нарда туралы алдымен хадистерге қарайтын болсақ, ол туралы Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) көптеген хадистері бар. Кейбірін атап айтқанда:

«Нарда ойнаған адам қолын доңыз еті мен қанына батырғанмен тең»[1], «Нарда ойнаған адам Алла Тағалаға және Елшісіне қарсы келеді»[2], «Нарда ойнап, сосын намаз оқуға тұрған адам – іриң мен доңыз қанымен дәрет алып намаз оқығанмен тең»,[3] – дейді.

Ғұламалардың басым көпшілігі жоғарыдағы хадистер мен сахабалардың көзқарастарына қарай нардының харам екенін алға тартқан.

Ханафи ғалымдарынан Касани де осы нарда ойынына қатаң тыйым салып, қандай жағдайда да оның харам екендігіне пәтуа берген[4].

Әйтсе де кейбір Ханафи қайнар көздерінде оның «егер құмар ойыны етіп, ақша тігіп ойнайтын болса» харам екендігін, алайда, уақытын босқа өткізіп ойнайтын болса онда мәкрүһ екендігін айтады. Имам Мәлік болса: «Хақтан кейін артында тек адасқандық қалады»[5] деген аятқа қарай нарданың харамдығын айтады.

Имам Шафиғи да бұл ойынға жылы қабақ танытпаған.

Кейбір ғалымдар нарда ойнын жұлдыздардан медет тілеп жалқаулыққа салынуға апаратын болғандықтан харам екендігін айтады. Жаһилия заманында нарда ойыны тікелей пұтқа табынушылардың пұттардан медет тілеушілік ойыны болуы да мүмкін. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) бұған қатаң тыйым салуының да себебі пұт пен жұлдыздардан көмек сұрау тұрғысынан болуы әбден мүмкін.

Сондай-ақ, кейбір ғалымдар арасында қазіргі таңдағы нарданың Пайғамбар заманындағы нарды ойынынан басқа дегендер де бар[6].

*[1] Муслим, Шир, 10; Әбу Дәууд, Әдәб, 56.*
*[2] Әбу Дәууд, Әдәб, 56; Ибн Мәжә, Әдәб, 43; әл-Муатта, Руя, 6.*
*[3]* Шәукәни, Ләйлул-Әутәр.
*[4] Кеңірек мағлұмат үшін қараңыз; Касани, Бәдәи, 7/127*
*[5] «Жүніс» сүресі, 32-аят*
*[6] ИСАМ, Илмихал, 121-бет*

*Дереккөз:* **kazislam.kz**

# АҚЫН МҰРАСЫ НАСИХАТТАЛДЫ




***№ 3 орта мектебінде Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай түрлі іс-шаралар ұйымдастырылуда. Абай мұрасын тек мектепте ғана емес, отбасында да кеңінен дәріптеп, ұрпақ бойына сіңіру мақсатында «Бір отбасы – бір кітап» акциясы ұйымдастырылды.***

Мектеп кітапханасында «Абайдың асыл қазынасы» кітап көрмесінен басталған шараны 2-4-сынып оқушылары «Безендірген жер жүзін тәңірім шебер» атты сурет галлереясымен жалғасты. Одан әрі 5-6- сынып оқушылары «Абай аудармаларының әлемі» атты сурет байқауына белсенді қатысты.

2 «б» сынып оқушысы Хафиз Касымбек әжесі Марияш Дүйсенова «Абай – табиғат жыршысы» тақырыбына ауызша журналын ұсынды. 3«а» сынып оқушысы Шахназар Бакытжан отбасымен сахналық қойылым көрсетті. 3 «ә» сынып оқушылары Нұрдәулет Советов, Мария, Мадибек, Ақжол, Мұратбек ата-аналарымен табиғат аясында Абай Құнанбаевтың «Желсіз түнде жарық ай» өлеңін караокенің сүйемелдеуімен нақышына келтіріп орындады. 4 «а» сынып оқушысы Ділназ Жандарбектің отбасы мәнерлеп оқу байқауына қатысып, ерекше көзге түсті.

5 «а» сынып оқушылары Абайдың аудармашы қырын зерделеді. Сөздің сиқырын, сырын, ырғағын сезіп, тұщына білген білген Абай Құнанбаев пен А.Пушкин «Евгений Онегин » романы арқылы табысады. А.Пушкиннің ішкі терең мазмұнын түсінген Абай атамыздың «Татьянаның Онегинге жазған хаты» және «Онегиннің Татьянаға жауабы» аудармасын қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде буктрейлер форматында тамаша берілген.

6 «б» сынып оқушылары «Бір отбасы – бір кітап» облыстық акциясы аясында «Абай – көрнекті мысалшы» тақырыбында іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шара А. Шакирзян отбасы дайындаған «Шегіртке мен құмырсқа» сахналық қойылымымен ашылды. Бұл іс-шараға қатысу үшін, оқушылар ата-аналарымен Абай Құнанбаевтың орыс жазушысы И. Крыловтан аударған «Қарға мен бүркіт», «Шегіртке мен құмырсқа», «Қарға мен түлкі» мысалдарын оқыды, талдады. Викторина осы берілген мысалдардың мазмұны бойынша сұрақтардан тұрды. Викторинада үздік А. Шакирзянның отбасы танылды. Іс-шараның соңында барлық оқушы мысалдар бойынша өз түйгендерін ортаға салды.

Абай атамыздың ерекше бір қырын сипаттайтын – бұл поэмалары. Абай Құнанбаевтың адамгершілік мәселесін 8 «б» сынып оқушылары зерттеді. «Масғұт» поэмасын сахналау арқылы қазақ халқының отбасының тәрбиесінде ерекше сипатқа ие адамгершілікке үңілді. Богдан Мелынко және әкесі мен анасы «Масғұт» поэмасынан үзіндіні ерекше сахналады.

Абайдың көркемдік, әлеуметтік гуманистік және дінге көзқарастары терең білінген еңбегі – қара сөздері. Он жетінші қарасөз Ғылым, Ақыл, Қайрат, Жүректің диалогин 9 «б» сынып оқушысы В.Маляров отбасының төрттігі тамаша сахналады. Виталий Маляровтың отбасы мүшелері біркісідей белсенділік танытты.

Абайдың тағылымын жастардың санасына сіңіру, ұлы тұлғаның ой- толғамдарын кеңінен дәріптеу мақсатында өткізілген бұл іс-шарада оқушылар Абайдың қара сөздерін, жатқа айтып, челленджге белсене қатысты. Абайдың қарасөздерін мәнерлеп, аса бір шеберлікпен орындаған оқушылар, ата-аналары тәнті қылды.

Оқушылардың рухани адамгершілік және тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруда Абай қара сөздерін жатқа айтқызудың маңызы зор. «ZOOM» платформасында «Абай қарасөздері – даналық көзі» 10 «б», 11 «б» сынып оқушыларының қатысуымен Абайдың қарасөздерін оқу челленджі өткізілді. Челленджге жеке оқушылар және оқушылар отбасымен қатысты. Атап айтсақ, Алина Бабич пен Ақнұр Нағызханова Абай атамыздың 32-қара сөзін эстафета арқылы жолдады. Абайдың қарасөздерін оқу флешмобы жоғары деңгейде өтті. Аталмыш іс-шарада Бекбосын Айбектің «Телқара» жаңа туындысы (күйі) туралы таныстырылым көрсетілді. Бейнематериал түсіру барысында аталмыш туынды қолданылды. Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай ұлы ақынның қарасөздерін оқу челлендж байқауы өз дәрежесінде өтті. Ата-ананың балаға тәрбиелік ықпал етуі арқылы оқу мәдениетін қалыптастыру бағытындағы іс-шаралар әлі де жалғасын таппақ.

**Мейрамкүл АҚМОЛДИНА,**
**№ 3 ЖОББМ**
**қазақ тілі мен әдебиеті**
**пәнінің мұғалімі**

COVID-19

# АХУАЛ ТҰРАҚТЫ

***Малшыбай селосында коронавирустың алдын алу шаралары ойдағыдай жүзеге асуда. Пандемия басталғалы бері күнделікті ауыл тұрғындарымен түсіндірме жұмыстары жүргізілуде.***

Оларға үйлерінде көп адам жинамау, оның ішінде ас беру, жиын тойлар өткізбеу туралы қатаң ескертіледі. Әсіресе, егде жастағы ауыл тұрғындарының қалаға, көпшілік орындарға баруы қауіпті екендігі жіті түсіндірілді. Селоға аптасына бір рет Жезқазған қаласындағы «Ұлытау» дәріханасы қажетті дәрі-дәрмекті жеткізіп береді. Бүгінгі таңда ауылда ауру белгілері бар науқас тіркелген жоқ. Ауыл фельдшері күнделікті ауылды аралап насихат жұмыстарын күшейтті.

Жезқазған қаласының білім бөліміне қарасты Малшыбай селосындағы №15 негізгі орта мектебі санитарлық режимді қатаң ұстану арқылы дәстүрлі білім беруде. Сабақ 08.00-де басталады. Сабаққа келген әр оқушының дене қызуы өлшенеді. Олар сабаққа тек маскамен қатыстырылады. Қызуы бар оқушы анықталған жағдайда ол оқшауланып, процедурный кабинетке жатқызылады да дәрігерге хабарланады. Әр сынып кабинеттерінде санитарлық бұрыштар бар. Ондағы талаптардың сақталуын сынып жетекшілері үнемі қадағалап отырады. Әр үзіліс сайын мектеп іші дымқыл шүберекпен сүртіліп, кабинеттер желдетіледі. Әр екі сабақ сайын дымқыл тазалау жұмысы жүргізіледі. Сынып кабинеттерінде оқушылардың арақашықтығы сақталған. Әр сынып бір оқу кабинетінде отырады. Сабақ біткеннен кейін мектеп кварц шамымен дезинфекцияланады. Бөгде адамдарға әсіресе 65 жасқа келген адамдар мектепке кіруге рұқсат етілмейді. Спорттық, бұқаралық және мәдени іс-шаралар жүргізілуге тиым салынған. Мәдени және мектептен тыс іс-шаралар онлайн режимінде өтеді. Мектептегі алты дезинфекциялық кілемше дизраствормен үнемі ылғандандырылып отырылады. Мектеп асханасы жұмыс істемейді, мектеп жанындағы «Балауса» шағын орталығы онлайн режиміне көшкен. Бүгінгі таңда бізде антисептиктің 8 литр, масканың 250 дана қоры жасақталған. Сонымен бірге, 2 дана кварц лампа мен 20 кг гипохлорид, 20 литр су сабын бар.

**Ерғазы АЯНБАЕВ,**
**Малшыбай селосының әкімі**

# САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫН САҚТАУ – МІНДЕТ

***COVID-19 – коронавирус инфекциясымен қоздырылатын ауыр респираторлық инфекция. Жіті респираторлық вирустық инфекциясы жеңіл түрде де, ауыр түрде де өту қауіпі бар ауру. Оның ерекше асқынулары вирустық пневмония, жіті респираторлық дистресс-синдромға, тіпті өлімге әкеп соқтыруы мүмкін. Аурудың ең көп тараған белгілеріне дене қызуы, шаршағыштық және құрғақ жөтел жатады. Вирусқа қарсы емдеу немесе алдын алу құралдары жоқ. Көп жағдайларда адамдар арнайы емдеулерсіз сауығып кетеді. Аурудың ауыр түрлері қарт адамдарда, демікпе, диабет және жүрек аурулары бар адамдарда кездеседі. Вирус құрамында вирусы бар тамшылар арқылы, жөтелу немесе түшкіру кезінде, сондай-ақ көзге, мұрынға, ауызға түсуі арқылы таралады. Вирусты тамшылар бетке және заттарға, көзге, мұрынға немесе ауызға түсіп келесі жанасқан адамды жұқтыруы мүмкін. Заттардың бетіне түскен вирус бірнеше сағат бойы өмір сүруге қабілетті. Болат беттерде және пластикте ол 2-3 күнге дейін сақталуы мүмкін.***

Мамандардың зерттеуінше ауруға шалдыққандарда көбінесе дене қызуы 37,5 °С және одан жоғары көтеріліп, жөтел пайда болған. Басқа симптомдары да барын ұмытпаған жөн. Көп жағдайда шаршау, ентігу, бұлшық еттердің немесе буындардың ауыруы, тамақ пен бас ауруы да коронавирусқа тән белгілердің қатарында. Диарея, жүрек айнуы және құсу сияқты гастроэнтерит симптомдары сирек кездеседі. Мұрынның бітелуі де мүмкін.

Қазіргі уақытта инфекцияны жұқтыру жағдайында алдын алуға қабілетті ұсынылған құралдар жоқ. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы SARS-CoV-2 жұқтыру қаупін төмендету бойынша жалпы ұсыныстар берді. Қолды сабынмен немесе құрамында спирт бар заттармен жуу, жөтел немесе түшкіргенде мұрын мен ауызды иілген шынтақпен немесе бір рет қолданылатын майлықпен жауып, кейіннен міндетті түрде қолды жуу керек. Сонымен қатар, жөтел немесе дене қызуы жоғары адамдардан алшақ болу (1 метрден кем емес) қажет. Мүмкіндігінше мұрын, ауыз және көзді қолмен ұстамаңыз. Өкпенің жіті респираторлық ауруының белгілері болған жағдайда үйде қалған дұрыс. Безгек, жөтел және тыныс алу қиын болған жағдайда, медициналық мекемеге жүгінуге маңызды. Тірі жануарлар, ет немесе құс сатылатын азық-түлік базарларына барған кезде гигиена ережелерін қатаң сақтаныңыз. Шикі немесе нашар термиялық өңделген жануарлардан алынатын өнімдерді тұтынудан аулақ болған да жөн. Тұмау және тұмауға ұқсас аурулар туралы зерттеулер науқастардың маскаларын киюі басқа адамдардың зақымдануына және қоршаған заттар мен беттердің контаминациясына жол бермейтінін көрсетеді. Сондықтан, маска кию арқылы індеттен қорғануға болатынын ұмытпағандарыңыз абзал.

Аса қауіпті жұқпалы дерттің инкубациялық кезеңі 14 күнді құрайды. Алайда егер инфекция жұққан болса ол бесінші күні ақ алғашқы белгілерін байқата бастайды. Сондай-ақ, инкубациялық кезеңде ешбір белгі байқалмауы да мүмкін. Бірақ ол адамнан вирустың бөлшектері айналаға таралып, кемінде 2-4 адамға вирусты жұқтыруы мүмкін. Бір адамнан екінші адамға жұқтыру мерзімі орта есеппен 6 күнді құрайды. Сол себепті де коронавируспен қарым-қатнаста болғандарды инкубациялық кезеңде оқшаулау аса маңызды.

**Сұңғат ҚАНАЙ,**
**«Бәйменова» отбасылық-дәрігерлік**
**амбулаториясының фельдшері**

# ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРГЕ ДЕЗИНФЕКЦИЯ ЖАСАЛАДЫ

***Жезқазған қаласында 654 көппәтерлі тұрғын үй бар. Оның ішінде 558 үйге пәтер иелері кооперативі қызмет көрсетеді, 96 үй өзін-өзі басқарады. Жезқазған қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына сәйкес карантиндік шараларды сақтау мақсатында жалпы пайдалану орындарын, оның ішінде тұрғын үйдің кіреберістерін вирусқа қарсы санитарлық өңдеуден өткізіп тұру қажет.***

Осы ретте ПИК жұмыскерлері кіреберістерді аптасына 1 рет залалсыздандыруға кірісті. COVID-19 жұқтырған адамдар туралы ақпарат бойынша ауру адамдар тұратын үйлердегі кіреберістерін де жіті назарға алады. Жезқазған қалалық әкімдігі тарапынан демеушілік көмек ретінде пәтер иелері кооперативтеріне 11 дезинфекция жасайтын аппарат және дезинфекция құралдары берілді.

Кіреберістерді тазарту және дезинфекциялау инфекцияның таралуын болдырмауға бағытталған. Тұрғын үй кірберістері мен жеделсатыларды күн сайын ондаған адам пайдаланғандықтан онда індеттің таралу қаупі жоғары. Сондықтан, пошта жәшіктері, жалпы пайдалану объектілері – жеделсаты, оның шақыру түймелері мен тұтқалары, бірінші қабаттың едені мен қабырғалары, кіреберісі, домофондар, желдеткіш торлар мен жеделсаты кабиналары бірінші кезекте дезинфекциялануы тиіс аймаққа жатады.

Жезқазған қаласында дезинфекция жұмыстарын жүргізетін арнайы компаниялар бар. Оның қызмет құны бір кіреберіс үшін 2000 теңгеден басталады. Бірақ, ПИК кіреберістерді өз күшімен өңдеуге мәжбүр. Өйткені, бұл мақсатта оларда қаржы қарастырылмаған.

Пәтер иелері кооперативтері жаз маусымында да жертөлені масадан, құрт-құмырсқадан тазарту мақсатында дезинфекциялық жұмыстар жүргізеді.

**Өз тілшіміз**

ЖАН ӘЛЕМІ

# ФОБИЯЛЫ ӨМІР

***Қорқыныш – жер бетіндегі барлық тіршілік атаулысына тән қасиет. Өзіңді қауіп ортасында немесе бір келеңсіз жағдай кезінде жайсыз сезінген мезетте үрейге ерік беру әсіресе адам баласы үшін қалыпты болуы мүмкін. Дегенмен, өмір бойы бір нәрседен зәресі қалмай қорқып, өзіне де, өзгелерге де қолайсыздық тудырып жүретін адамдардың бұл күйі қорқыныштан сәл бөлектеу. Оны ғылыми тілде фобия деп атайды.***

Қорқыныш пен фобияны қалай ажыратуға болады? Мәселен, сіз қасқырдан қорқасыз делік. Түз тағысымен бетпе-бет жүздескенде, не болмаса оның ұлығанын есту қай адамға болмасын қауіпті сездіріп, бойында қорқыныш ұялататыны ақиқат. Бұл – қорқыныш. Ал адамдардың кейбір топтары жай ғана қасқырдың фотосын көрген сәттен бастап, жүрегі алып-ұшып, тынысы тарылып, қалтырай бастайды. Оның жай ғана жансыз фото екенін түсіндірсеңіз де, қорқып, беймаза күйді басынан өткереді.

Сондай-ақ, кез келген жанның көңіліне биіктік қорқыныш ұялатады. Жоғары қабаттағы үй терезесінен төменге қарағанның өзінде басыңыз айналып, көзіңіз қарауытуы бек мүмкін. Ал аталған фобияға ие адамдар қанша жерден өмір мен өлім мәселесі болса да жоғары қабатқа көтерілмейді. Олар кез келген уақытта, кез елген жерде аңдаусызда жоғарыдан құлап кетіп, өліп кетуім мүмкін деген қорқынышпен өмір сүреді.

Психолог мамандар фобия адамдардың көбіне бала күнінде алған қорқынышты әсерлерінен пайда болады дейді.

Аблутофобия – жүзуден қорқу, акрофобия – биіктіктен қорқу, апифобия – аралардан қорқу, аэрофобия – ұшудан қорқу, гемофобия – қаннан қорқу, глоссофобия – сахнаға шығудан қорқу жатады екен.

Хош, аталған фобиялардың болуы орынды да шығар. Дегенмен бүгінгі қоғам дамыған сайын адам фобиясының да сан түрі пайда болуда. Мысалы, номофобия туралы естіп көрдіңіз бе? Бұл – мобильді телефонын жоғалтудан қорқу. Біздің уақытымызда қалтафонсыз күн кешу қиын-ақ. Әйткенмен, онсыз өмір сүруден қорқып, оны фобияға айналдырғандардың жайы тіптен мәз емесі анық.

Жуыну десе басын ала қашып, зәресі зәр түбіне кететіндер де бар. Олардікі – аблутофобия. Хас сұлуды көргенде кім-кімнің де есі кетері сөзсіз. Десе де, сұлулықтан қашып, тек ер адамдар ортасында ғана уақыт өткізетін ерлер қауымында калигинефобия өте көп болады екен. Бұндай жігіттер қасы-көзі қиылған кербездерді көрсе болды, қан қысымы көтеріліп, дереу естерінен танып қалады.

«Ақша – қолдың кірі» дегенімізбен бүгінгідей нарық заманында көкқағазды керек етпейтін пенде жоқтың қасы шығар, ә?! Бұлай ойласақ қателесеміз. Хрометофобияға шалдыққандар ақша атаулысынан бойын аулаққа салғанды жөн көреді. «Мен бұндай ақша табу үшін тағы да қаншама күшімді сарп етуім керек», «Ақша ұрыс-керіске себепші», «Бай болсам қауіп-қатер көбейеді» деген ойларды әбден саналарына сіңіріп алған олар, ақша көрсе көл-көсір жасқа ерік беріп, шектен тыс мазасызданады.

Ал өмір бойы сүр бойдақ болып өтетін адамдардың фобиясы – гамофобия. Жалғыздықты жаны сүйетін олар үйленуден, отбасын құрудан, мойнына жауапкершілік алудан өлердей қорқады.

Тізе берсек адам баласындағы фобияның сан алуан түрі бар. Олардың арасында микробтардан, ілгектерден, белгілі бір цифрлардан, қағаздан тіпті инстаграмға жүктелген фотосының жөнді шықпауынан қорқатын фильтрофобия иелері де бар.

Енді осынау «Фобия емделе ме?» деген сұраққа жауап іздесек. Фобиясы бар адамды өзі қорқатын нәрсенің қасына немесе ортаға апарып, бойын үйрету – жөнсіз әрекет. Бұлай сіз оның жағдайын тіптен күрделендіріп аласыз. Дұрысы – білікті психолог маман көмегіне жүгіну. Олар арнайы әдіс-тәсілдер арқылы ең төменгі сатыдан бастап, жайлап аурудың себебін анықтайды, онымен сырласады, емдеу курсын өткізеді. Тіптен әсері болмаса арнайы тыныштандырғыш дәрі-дәрмектер көмегімен ем тағайындайды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

# АРТЫҚ САЛМАҚ

## созылмалы ауруларға душар етеді

***Семіздік – бұл организмде майдың шамадан артық жинақталуымен сипатталатын, денсаулықтың бұзылысына апаратын жағдай. Бұл жағдай ауру алды немесе ауру ретінде саналады.***



Семіздік энергияның оң балансымен байланысты. Семіздік кезінде 2 типті қант диабетінің, жүрек-қан тамыр ауруларының, онкологиялық аурулардың даму қаупі жоғарылайды. Дәрігерлер семірудің тұқым қуалаушылық, эндокринді аурулар, аз қимылдау және тамақ құрамындағы майдың шамадан тыс көп болуы, мидың нақты бөлшегінің жарақаттануы, кейбір психикалық ауытқулар сынды себептерін анықтаған. Даму себебіне байланысты семіздік екіге бөлінеді. Олар: экзогенно конституционды, эндогенді. Экзогенно-конституционды түрі адамның дұрыс тамақтанбауына және аз қозғалуына байланысты дамып, тұқым қуалайды. Эндогенді түрі ағзадағы белгілі бір аурудың себебінен дамиды (бүйрек, бауыр, жүрек-қан тамыр жүйесінің аурулары және қант диабеті).

Семіздік – денсаулық үшін аса маңызды мәселелердің бірі. Мысалы, елімізде 90-жылдары халықтың 15 жастан асқан топтары арасында ДСИ> 25кг/м2 шамасын құраған үлесі-36,1%, оның ішінде, семіздікке шалдыққандар үлесі-17,3% болған. Ал 1999 жылы Қазақстан Профилактикалық медицина академиясы өткізген медициналық-демографилық зерттеулер деректері бойынша бала өрбіту жасындағы әйелдер арасында (18-49 жас) ДСИ >25кг/м2 шамасын құраған үлесі-32,5%, семіздікке шалдыққандар – 12,7% болған.

Семіздіктен арылудың тиімді жолы – дұрыс түзілген тамақ рационы. Артық тамақтанудың алдын алу үшін организмге қажетті заттектердің уақытылы әрі қажетті мөлшерде түсіп отыруын әрдайым қадағалау қажет. Ет өнімдерін үнемі тұтыну кейбір аурулардың даму қаупін арттырғанымен, сүт өнімдерінен, жұмыртқадан, құс пен балықтан әзірленген тағамдар ақуызға бай болып келеді. Сондай-ақ, жануарлар майларын мейлінше аз тұтыну қажет. Оларды артық тұтыну толығуға және қан тамырларының қабырғасында холестериннің жиналуына алып келеді.

Семіздіктің алдын алу үшін салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен шұғылдану қажет. Көкөніс пен жемістерді көбірек жеу де маңызды. Артық салмақ қосқаныңызды байқаған сәттен бастап, спорт және қауіпсіз диетаның көмегімен арықтауға тырысу керек. Егер әсері болмаса дәрігерге қаралыңыз. Семіздікті емдеу – кешенді амалдар нәтижесінде дене салмағын бақылап отырып төмендету. Бұл орайда сәйкес психологиялық және дәрігерлік қолдаусыз өткізілетін лопаксация секілді операциялар косметологиялық қана әрекет етіп, емдік әсер бермейді. Дене салмағын жылдам төмендету организм үшін зиянды болуы мүмкін. Аптасына 0,5-1кг, айына 5 кг артық емес салмақ төмендету қажет. Дене салмағын қарқынды төмендету 6-12 ай бойы жүргізілуі қажет, одан кейін 6-12ай бойы дене салмағын тұрақтандыру жүргізіледі. Қажет болған жағдайда осы айналым қайталанады. Дене салмағын 5-10 кг азайтқанның өзінде жүрек-қантамыр ауруларының даму қаупі төмендей бастайды.

**Қалқа МАҚАТОВА,**
**«Тильман» отбасылық-дәрігерлік амбулаториясының отбасылық дәрігері**

***Жыл сайын 1 желтоқсанда Дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күрес күні атап өтіледі. Бұл күні әлем осы індетпен өмір сүретін немесе одан зардап шеккендерге қолдау білдіру және ЖИТС-тен қайтыс болғандарды еске алу үшін бірігеді. Биыл аталмыш датаға орайластырылған шаралардың легі «Жаһандық ынтымақтастық, жалпы жауапкершілік» тақырыбында 16-22 қараша аралығында өткізілді. Халықтың ақпараттық деңгейін арттыру және эпидемияға қарсы халықаралық ынтымақтастықты көрсету және жұқтырудың жаңа жағдайларын болдырмау, АИТВ/ЖИТС-тың таралуын тоқтату үшін аурудың алдын алу бағытында барынша күш салуды мақсат еткен кампания жоғары деңгейде ұйымдастырылды.***

# ЖАҺАН ІНДЕТКЕ ҚАРСЫ БІРІКТІ

Әлемде АИТВ/ЖИТС эпидемиясы отыз жылдан астам бұрын басталып, бүгінгі күні адамзат тарихында жойқын зиянын тигізетін қасіреттің біріне айналып отыр. Эпидемияның өсу қарқыны артып келеді. Қазақстан Республикасында эпидемия басталғаннан бастап 2020 жылдың 1-ші қазанындағы мәліметі бойынша АИТВ жұқтырғандар саны 39057-ге жеткен. Бұл цифр 2019 жылмен салыстырғанда 2468–ге артып отыр. Қарағанды облысында осы дертке шалдыққандар саны – 6268, ал Жезқазған аймағында – 89 адам. Індеттің таралуы есірткіні инемен тұтынушылар арасында – 37,1%, жыныстық жолмен – 59,0%, вирус жұқтырған анадан балаға берілуі 1,1% жағдайда байқалып отыр. Осы дертке шалдығушылардың көпшілігі жастар. Олардың басым бөлігі 20-29 жас аралығында. 30-39 жас аралығында ауру жұқтырғандардың үлесі 49,4% құрайды. Гендерлік құрамына келетін болсақ, 53,9%-ы ерлер, 43,6%-ы әйелдер. Әлеуметтік жағдайына байланысты АИТВ жұқтырғандардың арасында жұмыссыздар – 43,8%, жұмыс істейтіндер – 37,1%.

Жезқазған аймағында ЖИТС-ке қарсы күрес күніне орай Қарағанды облысы ЖИТС-тің алдын алу және күресу орталығының Жезқазған бөлімі мамандары Жезқазған және Сәтбаев қалалық емханаларында тіркелген халық арасында «Ең алдымен – денсаулық» атты ашық есік күндері өткізілді және АИТВ-ға тестілеу жүргізді. Сонымен бірге онлай режимінде мектеп оқушылары арасында «Біз ЖИТС-ке қарсымыз» атты сурет сайысын ұйымдастырса, колледж студенттерін эссе жазу конкурсына жұмылдырды. Қалалық жастар ресурстық орталығы мамандарының қатысуымен жоғары медициналық колледж студенттері үшін «Ақпараттану – қорғану тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Жезқазған қаласы полиция басқармасы ювеналды полиция бөлімі және есірткі саудасына қарсы бөлімімен бірлесе «АИТВ/ЖИТС және есірткі» тақырыбында семинар өтті. Сәтбаев қалалық ПБ ЮП-мен бірлескен «Жас болу оңай ма?» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. АИТВ-жұқпасының алдын алу мен салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында қос қаланың орта білім беру мекемелерінде онлайн семинарлар өткізілсе, медицина қызметкерлерінің қатысуымен диктант, лекциялар, дөңгелек үстелдер, кездесулер, семинарлар, тәрбие сағаттары, ата-ана жиналыстары өтті. Қала тұрғындары «Біз нашақорлыққа қарсымыз!» тақырыбында нарколог маманымен «ZOOM» платформасында кездесуге қатысу мүмкіндігіне ие болды. Жезқазғандық отбасылық дәрігерлік амбулаториясының дәрігерлері мен белсенді жастар «Жаһандық ынтымақтастық, жалпы жауапкершілік» атты челлендж де бастаған болатын.

Жезқазған қаласы оқушылары арасындағы сурет салу конкурсының және студенттер арасындағы эссе жазу конкурстары қорытындыланды. Аталған шараның мақсаты –-шығармашылық жастарды анықтау, қолдау және ынталандыру, жастардың АИТВ/ЖИТС проблемасына көзқарасын көркем білдіру үшін жағдай жасау. Байқауға қатысушылар тапсырманы шығармашылықпен орындап, АИТВ инфекциясы мәселелері бойынша терең білімдерін көрсетті. Оқушылар өз жұмыстарында АИТВ-ның берілу жолдары, АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға толерантты қарым-қатынас, алдын алу шаралары туралы айтты. Құрдастарын салауатты өмір салтын ұстануға шақырды. Сурет мен эссе байқауының жеңімпаздары мақтау қағаздарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

**Ләззат МҰХАМЕДИЕВА,**
**«Қарағанды облыстық ЖИТС-тің алдын алу және күресу жөніндегі орталығы» КК**
**Жезқазған бөлімінің меңгерушісі**